

**«Астана Медицина Университеті» КеАҚ**

УДК: 616-051:005.336.2:004

МПК: G06F9/52

**Мәрденова Ләйлә Еркінқызы**

**ТӘЖІРИБЕДЕГІ МЕЙІРГЕРЛЕР ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН  
ОНЛАЙН РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ**

**7М10101– «Мейіргер ісі»**

Медицина ғылымдарының магистрі  
академиялық дәрежесіне іздену диссертациясы

Ғылыми жетекші: MD, PhD, қауымдастырылған профессор Салтабаева У.Ш.

Ғылыми кеңесші: медицина ғылымдарының кандидаты, доцент Аканов А.Б.

Ғылыми оппонент: PhD Мергентай Айгуль

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 ж.

## МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	3
АНЫҚТАМАЛАР .....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....	5
КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕР ТІЗІМІ .....	6
КІРІСПЕ .....	8
1. ТӘЖІРИБЕДЕГІ МЕЙІРГЕРЛЕРДІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ОНЛАЙН РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ (әдеби шолу) .....	12
1.1 Медицинада ақпараттық технологиялардың рөлі. Е-ресурстар және олардың түрлері .....	12
1.2 Онлайн режиміндегі медициналық интернет-ресурстар .....	15
1.3 Мейіргерлердің үздіксіз кәсіптік білім алуындағы кәсіби құзіреттілігі .	22
1.4 Қашықтықтан білім беру мейіргерлер үшін оқытудың заманауи түрі ретінде .....	32
2. ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ӘДІСТЕРІ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ ...	38
2.1 Зерттеу базасының сипаттамасы .....	38
2.2 Зерттеу әдістері .....	42
2.3 Этикалық мақұлдау .....	43
2.4 Деректерді статистикалық өңдеу .....	43
3. ТӘЖІРИБЕДЕГІ МЕЙІРГЕРЛЕРДІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ОНЛАЙН РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ (нәтижелер) .....	44
3.1 Мамандандырылған онлайн ресурстарды қолдану мәселелері бойынша мейіргерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау .....	44
3.2 Зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау .....	50
3.3 Тәжірибедегі мейіргерлер құзіреттілігін арттыруда онлайн ресурстарды қолдану алгоритмі .....	67
НӘТИЖЕСІ .....	68
ҚОРЫТЫНДЫ .....	73
ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР .....	74
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР .....	75
ҚОСЫМШАЛАР (А-Г) .....	83

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер келтірілген:

1. ГОСТ 7.1-84 Баспа ісі, кітапхана және ақпарат жүйесі бойынша стандарттар. Құжаттың библиографиялық сипаттамасы. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері.

2. ГОСТ 7.32-2001 (Мемлекетаралық стандарт) Баспа ісі, кітапхана және ақпарат жүйесі бойынша стандарттар. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері.

3. ГОСТ 7.12-93 Баспа ісі, кітапхана және ақпарат жүйесі бойынша стандарттар. Библиографиялық жазба. Орыс тіліндегі сөздердің қысқаруы. Жалпы талаптар мен ережелер.

4. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығы.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы.- Астана, Ақорда - 2012 ж.

6. Қазақстан Республикасында мейіргер ісін дамытудың 2020 жылға дейінгі кешенді жоспары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2014 жылғы 1 тамызда бекітілген)

7. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығы.

8. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2017 - 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 1104 бұйрығы.

9. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарын дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

10. «Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған электрондық денсаулық сақтау тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 498 бұйрығы.

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылды:

*Анкета* – белгілі бір ақпарат алу үшін сұрақтар тізімі.

*Веб-портал* – түрлі қызметтерді біріктіретін үлкен сайт.

*Веб-хабар тарату, Интернет-хабар тарату* – желі арқылы ағынды деректерді беру.

*IT-дәрігер* – бұл ақпараттық технологиялар, статистика және медицина туралы жақсы білімі бар маман. Ол физиологиялық мәліметтер базасын жасайды және басқарады, медициналық және диагностикалық жабдықтардың бағдарламалық жасақтамасын жасайды.

*Инновация* – бұл нарық талап ететін процестер немесе өнімдер тиімділігінің сапалы өсуін қамтамасыз ететін жаңа енгізілген жаңалық.

*Инновациялық технологиялар* – медицина, фармацевтика және денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру саласында енгізілуі экономикалық тиімді және (немесе) әлеуметтік маңызы бар болып табылатын ғылыми және ғылыми - техникалық қызмет әдістері мен құралдарының жиынтығы.

*Контент* – мазмұны, сайт мазмұны, басылымдар.

*Медициналық-әлеуметтік көмек* – бұзылулардың ұзақ мерзімді алдын алу және олардың денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында әлеуметтік мәселелер мен өмірлік жағдайларды шешуді қажет ететін халықтың әртүрлі топтары мен контингенттеріне ұйымдастырылған әлеуметтік жеке қызмет көрсету.

*Онлайн ресурстар* – техникалық және бағдарламалық-аппараттық сипаттағы интеграцияланған құралдар жиынтығы, сондай-ақ бүкіләлемдік ғаламторда жариялауға арналған ақпарат.

*Кәсіби құзыреттілік* – кәсіби мәселелерді шешуде тәжірибе деңгейі, дағдылар мен білім негізінде сәтті әрекет ету қабілеті.

*Нәтижелілік* – жоспарланған нәтижелерге жете білу қабілеті.

*Электрондық оқыту* (ағыл. E-learning, ағылшын тілінен қысқа. Electronic Learning) - ақпараттық және электрондық технологияларды қолдану арқылы оқыту жүйесі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ДДСҰ – Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы  
ГОСТ – Мемлекеттік стандарт  
ДМК – Дәлелді мейіргерлік көмек  
ЕАГИ – Еуразия гуманитарлық институты  
Е-ресурстар – Электрондық ресурстар  
IT – Ақпараттық технологиялар  
ҚазАТУ – Қазақ агротехникалық университеті  
ҚазГЮУ – Қазақ гуманитарлық заң университеті  
ҚазУЭФМТ – Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті  
ҚазЭУ – Қазақ экономикалық университеті  
ҰМК – Ұлттық медициналық кітапхана  
ҚР – Қазақстан Республикасы  
ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
ДСДРО – Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы  
АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар  
CNE – The Center of Nursing Excellence/Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы  
ЭББР – Электрондық білім беру ресурстары  
ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.  
APN – Advanced practice nurse  
CDSR – Cochrane Database of Systematic Reviews  
CINAHL – Cumulative Index to Nursing and Allied Health Literature  
DARE – Database of Abstracts of Reviews of Effectiveness  
EMBASE – Excerpta Medical data BASE  
EPUB – Electronic Publication  
ICN – Мейіргерлік ғылыми жұмыстар  
LLL – Life Long Learning  
MEDLINE – Medical Literature Analysis and Retrieval System  
MeSH – Medical Subject Headings  
NLM – National Library of Medicine  
PhD – Doctor of Philosophy  
STM – Scientific, technical and medical

## КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

1- кесте	Е-ресурстардың түрлері .....	14
2- кесте	Мейіргерлердің кәсіби қызметінде интернет-ресурстарды пайдалана білуінің коммуникативтік дағдылары .....	44
3- кесте	Өзінің мейіргерлік тәжірибесін жетілдіру үшін мамандандырылған платформаларды еңбек қызметінде қолдануы .....	47
4- кесте	Мейіргерлердің жұмыс орнына байланысты тәжірибелік қызметінде онлайн ресурстарды қолдануына жүргізілген салыстырмалы талдауының нәтижесі, % .....	50
1- сурет	Мейіргер кәсібилігінің маңызды компоненттері .....	26
2- сурет	Респонденттерді тұрғылықты жері бойынша бөлу,% .....	38
3- сурет	Респонденттерді жынысы бойынша бөлу, % .....	39
4- сурет	Респонденттерді жасына қарай бөлу, %.....	39
5- сурет	Респонденттерді білім дәрежесі бойынша бөлу,% .....	40
6- сурет	Респонденттерді жұмыс орны бойынша бөлу,% .....	40
7- сурет	Жұмыс өтілі бойынша респонденттерді бөлу, %.....	41
8- сурет	Мейіргерлердің интернетті кәсіби жұмысында қолдануы,%.....	45
9- сурет	Әріптестерімен интернет желісі арқылы қарым-қатынас, %.....	46
10- сурет	Интернет желісін кәсіби мақсатта пайдалану ниеті, %.....	46
11- сурет	Мейіргерлердің Мейіргер Ісін Жетілдіру орталығы туралы білетіндігі, %.....	48
12- сурет	Жұмыста медициналық сайттарды пайдалану, %.....	48
13- сурет	Мейіргерлерге арналған сайттардағы ақпаратпен жұмыс, % .....	49
14- сурет	Мейіргерлер тәжірибесіндегі дәлелді медицина базасы, % .....	49
15- сурет	Мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы салыстырмалы гистограмма, % .....	53
16- сурет	Мейіргерлік сайттардан алынған ақпараттарды өз жұмысы үшін пайдаланудың салыстырмалы гистограммасы, % .....	53
17- сурет	Жұмыс туралы ақпаратты іздеу үшін Интернетті пайдалануы туралы салыстырмалы гистограмма, %.....	54
18- сурет	Басқа мейіргерлермен қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілерді пайдалануы туралы салыстырмалы гистограмма, %.....	55
19- сурет	Қазақстанның басқа өңірлерінен және басқа елдердегі әріптестермен қашықтықтағы қарым-қатынас туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.....	56
20- сурет	Мейіргерлердің Интернет арқылы жұмыс туралы ақпарат алуға деген ниеті туралы салыстырмалы гистограмма, %.....	57
21- сурет	www.nursekz.com сайты пайдалану туралы мәліметтердің салыстырмалы гистограммасы, %.....	58
22- сурет	Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екендігін білетіндігі туралы салыстырмалы гистограммасы,	59

	%.....	
23- сурет	Жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды пайдалану туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.....	60
24- сурет	Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан ақпаратты пайдалану туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.....	61
25- сурет	Мейіргерлік арнайы сайттарды бағдарлау туралы деректердің салыстырмалы гистогаммасы, %.....	62
26- сурет	Сайттардағы қажетті ақпаратты іздеу уақыты туралы мәліметтердің салыстырмалы гистограммасы, %.....	63
27- сурет	Сайттардағы ақпаратты түсіну жеңілдігі туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.....	64
28- сурет	Интернет-ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелділік деңгейін бағалау қабілетінің салыстырмалы гистограммасы, %.....	65
29- сурет	Интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын тәжірибеде пайдаланудың салыстырмалы гистограммасы, % .....	66
30-сурет	Тәжірибедегі мейіргерлер күзіреттілігін арттыруда онлайн ресурстарды қолдану алгоритмі .....	67

## **КІРІСПЕ**

### **Тақырыптың өзектілігі:**

Бүгінгі таңда алғашқы медициналық көмек моделі мейіргерлердің кең көлемді қатысуын қарастырады. Әлемде мейіргерлік тәжірибенің мұндай өсіп келе жатқан сұранысы мейіргер мен дәрігердің қызметін жақындатып, мейіргерлерге өкілеттіктердің бір бөлігін беруге алып келді. Мейіргердің дәрігердің пассивті көмекшісі ретіндегі бұрынғы моделі артқы дәрежеге ығысып, мейіргердің науқастың көмекшісі ретіндегі моделіне жол ашады [1].

Мейіргер қызметкерлеріне аса назар аударылуы қажет, кәсіби дамуында жаңа мүмкіндіктер мен жағдайлар жасау қажеттілігін түсініп, құзіреттілік деңгейін арттыруға көмек беру керек, өйткені мейіргерлер науқас пен отбасының әлеуметтік-психологиялық қажеттіліктеріне бағытталған қызметтер кешенін ұсынады, халықты санитарлық оқытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады.

Мейіргерлердің қызметін жетілдіру дәрігерлердің емдеу тактикасының тиімділігін арттыру бағытында қайта қарауға алып келеді, ол өз кезегінде өнімділікті арттыруға себеп болады [2].

Қазіргі заманғы медициналық ұйымдарда ақпараттық технологиялардың рөлі артып келеді. Орта буынды медициналық қызметкерлер үшін дәстүрлі технологияларға қарағанда коммуникациялық технологиялардың көмегімен ақпарат алу мүмкін болды. Бұл технологиялар ақпаратты дамыту, алу және тарату сипатын өзгертуде, орта медицина буынының әрбір қызметкерінің құзіреттерінің мазмұнын тереңдетуге және кеңейтуге, оны тез жаңартуға, ақпаратты өңдеудің неғұрлым тиімді әдістерін қолдануға, сондай-ақ стационар ішінде ақпаратқа қол жеткізуді едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, тәжірибедегі мейіргерлердің құзіретін арттыру үшін онлайн ресурстарды пайдалануды зерделеу және енгізу өзекті болып көрінеді, бұл медициналық көмектің сапасын ғана емес, халықтың өмір сүру сапасын да арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу жұмысы «*Erasmus+*» бағдарламасының «*ProInCa*» жобасы шеңберінде жүзеге асырылды.

### **Зерттеудің мақсаты:**

Тәжірибедегі мейіргерлердің біліктілігін жетілдіруде ақпараттық-оқытуға арналған мамандандырылған онлайн ресурстардың рөлін анықтау және олардың үздіксіз білім алу процесінде қолданылуын бағалау.

### **Зерттеудің міндеттері:**

1. Мейіргер ісі мамандығы бойынша қол жетімді мамандандырылған онлайн ресурстарды іздестіру;
2. Сауалнама әдісін пайдалана отырып, мейіргер ісі мамандығы бойынша онлайн ресурстарды пайдаланудың таралу дәрежесін бағалау;



3. Мейіргер ісінде онлайн ресурстардың тәжірибеде қолданылуына салыстырмалы талдау жүргізу;

4. Мейіргер ісінде онлайн ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал ету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

*Зерттеу субъектісі* – тәжірибедегі мейіргерлер.

*Зерттеу объектісі* – мейіргерлердің тәжірибелік қызметіндегі мамандандырылған онлайн ресурстар.

### **Зерттеу әдістері:**

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

• ақпараттық-аналитикалық талдау (талдау және синтездеу, нормативтік, медициналық, әлеуметтік дереккөздерді, ғылыми әдебиеттерді, әдістемелік материалдарды салыстыру және қорыту) - медициналық білім беру жүйесінің теориясы мен тәжірибесіндегі мәселелердің жай-күйін анықтау үшін; зерттеу міндеттерін іске асыру процесінде зерттеу объектісін, нысанасын қалыптастыру, теориялық білімді нақтылау және жүйелеу үшін;

• эмпирикалық: сауалнама;

• статистикалық: деректерді талдау және нәтижелерді өңдеу.

Нәтижелерді статистикалық өңдеу кезінде тәуелсіз үлгілер үшін сипаттамалық статистика және параметрлік емес критерийлер қолданылды.

Сапалық белгілердің екі немесе одан да көп тобын салыстыру үшін Хи-квадрат ( $\chi^2$ ) өлшемі есептеліп, ықтималдылық қатынасы тесті қолданылды. Айырмашылықтар  $p < 0,05$  деңгейінде статистикалық маңызды деп танылды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы:**

1. Алғаш рет зерттеу негізінде онлайн-ресурстардың мейіргер ісі саласындағы мамандардың құзіреттілігін жетілдіруге әсер ету сапасы зерттелді;

2. Мейіргер ісі мамандарын жетілдіруде онлайн ресурстарды тиімді пайдалану шарттары анықталды, яғни тәжірибедегі мейіргерлер құзіреттілігін арттыруда онлайн ресурстарды қолдану алгоритмі әзірленді.

### **Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:**

1. Қосымша ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы мейіргердің кәсіби шеберлігі артады.

2. Жоғары ақпараттандыру және жаңа әдістерді игеру есебінен көрсетілетін мейіргерлік көмектің сапасы жоғарылайды.

3. Онлайн ресурстарды пайдалана отырып, мейіргерлік тәжірибеге зерттеулерді енгізу арқылы мейіргерлер қауымы ғылыми процеске тартылатын болады.

### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Мейіргер ісінде ақпараттық онлайн кеңістіктің дамуы мейіргер ісінде ғылыми зерттеулер мен тәжірибенің дамуына ықпал етеді;

2. Мейіргер ісінде онлайн-ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстарды негіздеу арқылы алгоритмдерді тиімді түрде қолдану, тәжірибедегі мейіргерлердің күзiреттiлiгiнiң артуына алып келедi;

3. Күзiреттiлiк тәсiлi негiзiнде және тәжірибелiк денсаулық сақтау сұранысы мен әлемдiк үрдістердi ескере отырып, бiлiм беру процесiн жетiлдiру және дипломнан кейiнгi бiлiм беру бағдарламаларын интернет желiсi арқылы жаңғырту мейіргерлердi даярлаудың тиiмдiлiгiн арттыруға мүмкiндiк бередi.

### **Жұмыстың апробациясы:**

Осы зерттеудiң негiзгi ережелерi баяндалып, жарияланды:

- 2020 жылдың 29-30 қазанында Еуразиялық ғылыми қауымдастықтың 68-ші Халықаралық ғылыми-тәжірибелiк конференциясы «Информационно-образовательные технологии в сфере сестринского дела», Мәскеу қ., Ресей. 226-228 беттер. <https://esa-conference.ru/journal/68ya-mezhdunarodnaya-nauchnaya-konferentsiya-eno/>;

- 2020 жылдың 26 қарашасында ProInCa жобасы аясында ұйымдастырылған «Promoting Innovation and Research in Nursing» онлайн шағын конференциясы «Мейіргер ісi тәжірибесінде онлайн ресурстарды қолдану дәрежесi», Қарағанды қ., Қазақстан. 37-38беттер;

- 2020 жылғы 27 қарашада М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Ломоносов» студенттерiнiң, аспиранттары мен жас ғалымдарының XXVII халықаралық конференциясы «Іргелi медицина» секциясында «Использование Е-ресурсов в сестринской сфере», Мәскеу қ., Ресей. [https://lomonosovmsu.ru/archive/Lomonosov\\_2020\\_2/data/section\\_38\\_19545.htm](https://lomonosovmsu.ru/archive/Lomonosov_2020_2/data/section_38_19545.htm);

- 2020 жылғы 10-11 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында Назарбаев Университетiнiң Медицина мектебінде өткен «Мейіргерлiк бiлiм берудегi инновациялар, зерттеулер, көшбасшылық және клиникалық тәжірибе» атты халықаралық конференциясы «Мейіргер ісi тәжірибесiн жетiлдiру үшiн ақпараттық онлайн ресурстарды салыстырмалы бағалау», Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан. <http://proinca-nursing.kz/program/>;

- 2020 жылдың 12 желтоқсанында Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Тәуелсiздiк күнiне арналған «From experience to project» атты халықаралық онлайн-конференциясы «Мейіргерлердiң тәжірибелiк қызметінде жұмыс орнына байланысты онлайн ресурстарды қолдануын зерттеу», Алматы қ., Қазақстан. 41-42 беттер;

- 2020 жылдың 18 желтоқсанында жарияланған «Валеология: денсаулық - ауру – сауықтыру» ғылыми - практикалық журналының №4 саны «Мейіргерлердiң инновациялық және кәсiби бiлiктiлiгiн дамытуда онлайн ресурстардың маңызы», Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан. 310-315 беттер. <https://valeologiya.jimdofree.com/>;

- 2021 жылдың 12 мамырында «Мейіргерлiк iстiң дамуы: жетiстiктер мен қиындықтар» атты халықаралық мейіргерлер күнiне арналған халықаралық

онлайн конференция «Тәжірибедегі мейіргерлер күзіреттілігін арттыру үшін онлайн ресурстарды пайдалану тиімділігін зерттеу», Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Диссертациялық жұмыс антиплагиат бағдарламасынан 91,48% өтті.

**Диссертацияның көлемі мен құрылымы:**

Диссертациялық жұмыс компьютерлік беттің 88 бетінде ұсынылған, кіріспеден, әдеби шолу, материалдар мен зерттеу әдістерінен, қорытындыдан, тәжірибелік ұсыныстардан, қолданылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыста 4 кесте, 30 сурет бар. 86 пайдаланылған әдебиеттер тізімі және 4 қосымшадан тұрады.

# **1 ТӘЖІРИБЕДЕГІ МЕЙІРГЕРЛЕРДІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ОНЛАЙН РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ (әдеби шолу)**

## **1.1 Медицинада ақпараттық технологиялардың рөлі. Е-ресурстар және олардың түрлері**

Білім беруді жаңғырту жаңа стандарттарға, дәстүрлі емес оқыту әдістеріне көшуге әкелді. Мемлекеттің әртүрлі салаларда мамандар даярлауға қоятын талаптары, болашақ ұрпақты жоғары, кәсіби деңгейде даярлауды қамтамасыз ететін білім берудің әлемдік стандартына сәйкес келетін оқыту технологияларын іздестіруді негіздейді.

Медицина мамандары бүкіл өмірінің, соның ішінде білім берудің жаһандық интеграциясы жағдайында жұмыс істейтін болады. Бұл интеграцияға тән белгілері ғылыми-ақпараттық жарылыс болып табылады:

- білім беру көлемін арттыру,
- инновациялық жарылыс ( білім беруде заманауи технологияларды қолдану, компьютердік техника мен технологиялардың дамуы білім беру мен медицинада электронды құралдарды қолдану мүмкіндіктерін өзгертті),
- жаңа технологиялардың даму процестері және оларды адамзат игілігі үшін қолдану,
- диагностиканың, емдеудің соңғы әдістері IT технологияларды қолдану, биотехнологиялар,
- соңғы жылдарда техника мен ғылымның қарқынды дамуы және т.б.

Мұның бәрі медицина қызметкерлеріне ауыртпалық туғызады және олардың өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеуге, кәсіби шеберліктерін жетілдіруге, заманауи технологияларды меңгеруге айтарлықтай күш жұмсауын талап етеді.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім мен ғылым өзін-өзі жетілдіру мен кәсіби даму үшін көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Кәсіби өсуді қамтамасыз ету үшін, кәсіби қызмет шеңберінде алынған жаңа құзиреттерді жетілдіру және меңгеру, тәжірибе жинақтау, цифрлық, басқарушылық, коммуникациялық, бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, өсуді қамтамасыз ету, коммуникация құзиреттіліктері қажет.

Бұл үдеріс теориялық материалды және тәжірибелік дағдыларды саналы және дәйекті түрде игеруді білдіреді, бұл инновациялық технологияларды қолданбай мүмкін емес.

Медицина қызметкерлерінің білімі мен дағдыларын арттыруға арналған оқыту құралы ретінде жасалған әлеуметтік медиа қосымшаларын мейіргерлер іс жүзінде қолданады. Бірнеше зерттеулер тәлімгерлік қарым-қатынасты орнатуда, әлеуметтік желілер арқылы оқытудың озық әдістерін құруда және клиникалық тәжірибенің өзектілігін сақтауда мейіргерлерді қолдауда оң нәтижелер туралы айтады [3-4].

Сандық технологиялар жинақталған интеллектті қолдануды қарапайым, тез әрі ыңғайлы етуге мүмкіндік берді. Ғасырлар бойы жиналған бұл ақпаратты қоғамның жақсаруы және жалпы дамуы үшін әрі қарай зерттеу керек. Е-

ресурстар шалғай аудандарда оңай қол жетімді. Е-ресурстар ақпарат ағынын сақтау және басқару мәселелерін шешеді. Басып шығару көздері цифрланады. Электрондық ақпарат көздері академиялық қауымдастық үшін де, халықтың дамуы үшін де маңызды бола түсуде. Технологияның дамуы кітапханаларды өз коллекцияларына жаңа нәрселер қосуға мәжбүр етті. Олардың арасында Е-ресурстар аса маңызды болып табылады. Бұл шолуда Е-ресурстар ұсынылған, олардың кейбір артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталған, сондай-ақ бірнеше веб-сайттардың мекенжайлары көрсетілген (Қосымша А).

Е-ресурстар - электронды жүйе мен компьютерлік желі арқылы қол жеткізуге болатын ақпараттың электронды көрінісі [5]. Интернеттегі онлайн ресурстар баспа ресурстарын толықтыратын және қазіргі уақытта академиялық қоғамдастық үшін маңызды бола түсетін зерттеулердің баға жетпес құралы болып табылады [6]. Сонымен қатар, онлайн-ресурстардың ең маңызды және пайдалы қасиеті - бұл зерттеушілерге уақыт пен географиялық тосқауылға қарамастан қолдау көрсетеді.

Е-ресурстар әлемдік әдебиеттің елеулі бөлігін алады. Олар ақпарат көздеріне электрондық түрде сілтеме жасайды. Е-ресурстардың әртүрлі түрлеріне Е-кітаптар, Е-журналдар, деректер базалары, CD/DVD, электрондық конференциялар материалдары, Е-есептер, Е-карталар, Е-фотосуреттер, Е-қолжазбалар, Е-тезистер, Е-газеттер, Интернет / веб-сайттар, жаңалықтар топтары, тақырыптық шлюздер, пайдаланушы желілер, жиі қойылатын сұрақтар және т. б. жатады (1-кесте).

Медицина және денсаулық сақтау саласын ақпараттандыру процесі Интернет желісінде ұсынылған бейіндік ақпараттық ресурстардың құрамы мен құрылымындағы өзгерістерге айтарлықтай әсер етеді. Қазіргі уақытта ғаламдық желідегі медициналық ақпараттық ресурстардың үлесі айтарлықтай жоғары, бұл ақпаратты іздеуге және ақпарат алмасуға бұрын-соңды болмаған мүмкіндік береді.

Сарапшылардың пікірінше, жаңалықтар, конференциялар туралы ақпарат, медициналық препараттар, заманауи фармацевтикалық өнімдер туралы ақпарат дәстүрлі баспа БАҚ-тарға қарағанда Интернет-ресурстарда әлдеқайда ертерек пайда болады [7].

Жаңа технологиялар мейіргерлер қызметкерлерінің білімінде де, тәжірибесінде де маңызды рөл атқарады. Заманауи технологияны клиникалық шешімдерді қолдау көздеріне қол жеткізу, телемедицина әдістерін қолдану (қызмет көрсетуші мен науқас арасындағы байланыс) және оқыту мен кеңес беру (қызмет көрсетушілер арасындағы байланыс) үшін пайдалануға болады [8].

Мейіргер қызметкерлері сандық құралдармен жеткілікті түрде жабдықталған және оларды қолдану дағдыларына ие болуы керек: бұл цифрлық сауаттылықтың, қажетті жабдық пен Интернет-инфрақұрылымға қол жетімділіктің, мүмкін болған жағдайда кең жолақты қосылыстың жеткілікті деңгейі қажет [9]. Жасанды интеллект немесе кеңейтілген шындық және робототехника сияқты басқа форматтар болсын, сандық денсаулық сақтау

технологиялары бүгінде мейіргер ісі мен науқастарға көмек көрсетуді өзгертеді [10]. Науқастарға көмек көрсетуді жетілдірудің ықтимал мүмкіндіктері жеке медицина мен геномика әдістерін енгізу арқылы ашылады [11]. Сандық денсаулық сақтаудың көрнекті артықшылықтарының бірі-бұл әдістер өмір бойы үздіксіз білім алу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект сияқты технологиялар оқуды дербестендіреді, қазіргі қажеттіліктерге сәйкес келеді және ең соңғы білімді жеткізеді.

1-кесте – Е-ресурстардың түрлері [Anand Y., 2014]

	Е-ресурстардың түрлері	Сипаттамасы
1	Е-кітаптар	Е-кітаптар - бұл прайм-тайм үшін бәсекелес көптеген форматтар, соның ішінде AdobePDF, MicrosoftReader, eReader, MobipocketReader, EPUB, Kindle и iPad.
2	Е-журнал	Е-журнал - кітапхананың әр топтамасының өте маңызды бөлігі. Е-журнал ақпараттық технологиялар қосымшаларының бірі болып табылады.
3	Е-газета	Е-газет сондай-ақ интернет-газет немесе Дүниежүзілік желіде немесе Интернетте бар веб-газет ретінде белгілі.
4	Деректер базасын индекстеу және абстракциялау	Бұл журнал туралы библиографиялық ақпаратты, соның ішінде мақалалардың рефераттарын беретін анықтамалық көздер.
5	Толық мәтінді мәліметтер базасы	Бүгінгі таңда желіде ақысыз немесе ақылы бірнеше мәліметтер базасы бар. Электрондық мәліметтер базасы-бұл белгілі бір тақырып немесе пәнаралық тақырыптар бойынша ұйымдастырылған ақпарат жиынтығы, электрондық мәліметтер базасындағы ақпаратты электронды түрде табуға болады.
6	Анықтамалық мәліметтер базасы	Бұл интернетте электронды форматта қол жетімді көптеген сөздіктер және энциклопедиялар.
7	Статистикалық мәліметтер базасы	Бұл мәліметтер базасында бұқаралық қауымдастық үшін пайдалы сандық мәліметтер бар.
8	Суреттер жинағы	Электрондық кескіндердің пайда болуына байланысты мәліметтер базасының бұл түрі жасалды.
9	Мультимедиялық өнімдер	Дерекқордың бұл түрлеріне суреттер, бейнелер, аудио және мәтін және т. б. жатады.
10	Е-тезистер	Бұл мәліметтер базасында PhD тезистері мен электронды форматта жарияланған диссертациялар бар.
11	Е-клиппинг	Электрондық клиптің негізгі міндеті - ретроспективті іздеу және жаңа өнімдерді жан-жақты талдау.
12	Е-патенттер	Е-патенттер-бұл белгілі бір уақыт аралығында өнертабысты пайдалану үшін Үкімет беретін ерекше құқық.
13	Е-стандарттар	Уәкілетті орган бекіткен және шағымдардың нысанасына тексерген жазбаша ұйғарым, шектеу ережесі.

Дерек көзі: Anand Y. Kenchakkanavar«Types of e-resources and its utilities» (2014)

## **1.2 Онлайн режиміндегі медициналық интернет-ресурстар**

Мейіргер ісі саласында электронды платформалар мен АКТ-ның басқа қосымшаларын қолдану да артып келеді. АКТ виртуалды кездесулер мен қарым-қатынас мүмкіндіктерін, сондай-ақ ұқсас кәсіби мүдделері бар адамдар арасындағы ынтымақтастық мүмкіндігін ұсынады [13]. Бұл ортақ қызығушылықтар ғылыми зерттеулермен қатар мейіргерлік білім мен клиникалық тәжірибені қамтуы мүмкін. Мейіргер ісі бойынша оқу орындары, мейіргер ісі бойынша ғылыми-зерттеу институттары және клиникалық мейіргерлердің әртүрлі қауымдастықтары интернетті, әлеуметтік желілерді және электронды платформаларды пайдаланады. Мейіргерлік білімнің, зерттеулердің және тәжірибенің үштұғырлығы деп аталатын мейіргерлік іс-әрекеттің осы үш саласы бойынша ынтымақтастық пен білім алмасу, дәлелдерге негізделген сапаны жақсарту және денсаулық сақтауды қайта құру үшін маңызды болып саналады [14].

Біріншіден, көптеген елдерде мейіргерлік білім беруде электронды платформаларды қолдану кең таралған. Білім беру мақсаттары үшін пайдаланылатын платформаларға, әдетте, оқытушыларға, студенттерге және білім беру саласындағы басқа адамдарға білім беру мен басқаруды қолдау және жақсарту үшін ақпарат, құралдар мен ресурстар беретін интерактивті онлайн-қызметтер кіреді [15]. Білім беру процестерін қолдау, білім беру процесінде оқытушылар мен оқытушылардың өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығы, оқытуды құру және әлеуметтендіру үшін электрондық платформа оқытуды басқару жүйелерінің артықшылықтарын әлеуметтік бағдарламалық қамтылыммен үйлестіреді [16].

Екіншіден, мейіргер ісі саласындағы зерттеулерде акт және жаһандық денсаулық сақтаудың дамуына байланысты келесі онжылдықта мейіргер ісі саласындағы бірлескен зерттеу жобаларының саны едәуір артады. Географиялық жақындық, сәтті ынтымақтастыққа ықпал ететіні белгілі болса да, АКТ қашықтықтан ынтымақтастықты жақсарта алады, өйткені халықаралық мейіргерлік ынтымақтастық өсуде [17]. Тиісінше, халықаралық және ұлттық деңгейлерде мейіргер ісі ғылымының таралуы дамуды жалғастыруда, бұл қашықтықтан ынтымақтастық пен білім алмасуға ықпал ететін АКТ дамуына ықпал етеді. Смартфондар сияқты құрылғылар мейіргерлерді зерттеудің маңыздылығы туралы, сондай-ақ ғылыми деректердің ұсынылуы мен қол жетімділігі туралы хабардар ету үшін, сол туралы ақпарат беру үшін қолданылады [18].

Пайдаланушыларға реферативтік мәліметтер, медициналық журналдардан, клиникалық нұсқаулардан және есептерден мақалалардың толық мәтіндері, сондай-ақ виртуалды атластар мен білім беру мақсатындағы басылымдар, фармацевтикалық ақпараттық бюллетендер, анықтамалықтар және т. б. көптеген деректер базалары қолжетімді [19,20].

Кейбір сайттарда медициналық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу ақылы жазылымды болжайды, ақысыз көріністе ең аз ақпараттар орналастырылады.

Алайда, ақпараттың едәуір бөлігі төлемсіз, әдетте, тіркеуден кейін қол жетімді және ашық білім беру ресурстарының санатына жатады.

Төменде медициналық ғылымдар туралы арнайы ақпарат алуға арналған мәліметтер базасы берілген:

## МЕЙІРГЕР ІСІН ЖЕТІЛДІРУ ОПТАЛЫҒЫ/CENTER OF NURSING EXCELLENCE (CNE)

CNE - мейіргерлерге арналған сайт. CNE мейіргерлер қауымдастығы мен мейіргер студенттер, мейіргер оқытушылар / әдіскерлер және мейіргер зерттеушілер арасындағы желілік платформа ретінде қызмет етеді. Контент күтім бойынша клиникалық нұсқауларға және мейіргерлік ғылым мен мейіргерлік ғылыми білімді дамыту үшін, ғылыми негізделген дәлелді әдістерге тікелей қол жеткізуді қамтиды. CNE дәлелді ақпаратты белсенді түрде жинайды, насихаттайды және таратады (оқу материалдары, озық тәжірибелер, клиникалық күтім бойынша нұсқаулықтар және зерттеу нәтижелері).

Nursekz.com сайтында мейіргер ісі туралы:

- \* Қазақстандағы мейіргерлік іс (Қазақстандағы мейіргерлік тәжірибе мен мейіргерлік білім беру үшін заңдар мен ережелер, Қазақстандағы мейіргер ісінің құрылымы, Қазақстандағы мейіргерлік білім беру, Қазақстандағы мейіргерлер қауымдастығы, Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінің дамуы)

- \* Мейіргерлік зерттеулер (мейіргерлік іс саласындағы зерттеулердің халықаралық басымдықтары, мейіргерлік білім беру саласындағы зерттеулер, мейіргерлік зерттеу желілері және деректер базасы, мейіргерлік ғылыми-зерттеу журналдары)

- \* Дәлелді мейіргерлік көмек (ДМК, іс жүзінде ДМК қалай қолдану, клиникалық жағдайларда ДМК жақсарту, мейіргер ісінің нақты деректеріне негізделген іске асырудың қолданыстағы моделін қалай пайдалану /басқару)

- \* Клиникалық мейіргерлік нұсқаулықтар

- \* Мейіргерлік іс саласындағы көшбасшылық (Қазақстандағы мейіргер ісіндегі көшбасшылықты зерттеу, мейіргер ісіндегі көшбасшылықты халықаралық зерттеу, мейіргер ісіндегі көшбасшылықты оқыту, мейіргер ісіндегі көшбасшылық желісі, мейіргер ісіндегі көшбасшылық туралы журнал, мейіргер ісіндегі көшбасшылық блогы)

- \* Мейіргерлік журналдар, мейіргер ісі бойынша веб-сайттар, курстар, мейіргерлерге арналған бейнелер, соңғы жаңалықтар, мейіргерлерге арналған конференциялар және т.б..

*Сілтеме:* <https://nursekz.com/>

*Құрылған жылы:* 2017

*Тіл(дер):* Ағылшын тілі, орыс тілі, қазақ тілі (әзірленуде)

*Шығарылған елі:* Қазақстан



## GLOBAL RESEARCH NURSES / МЕЙІРГЕР ІСІНІҢ ЖАҒАНДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖЕЛІСІ

Мейіргерлер үшін мейіргерлер әзірлеген желі. Негізгі міндеті-мейіргерлерге клиникалық зерттеулерде жұмыс істеу мүмкіндіктерін іздеу, сайып келгенде өз зерттеулерін дамыту және жүргізуге көмектесу.

Global Research Nurses веб-сайтында көптеген ресурстарға сілтемелер бар:

\*Жақын немесе түрлі құрлықтарда әріптестерін таба алатын кәсіби желі. Басқа аймақтарда немесе басқа да аурулар бойынша жұмыс істейтін әріптестеріңіздің зерттеу жүргізу немесе зерттеу нәтижелерін табу және пайдалану туралы білу үшін блогтар, бетбелгілер мен топтарды пайдалана алу мүмкіндігі.

\*Кәсіби Scheme мүшелік-Билл және Мелинда Гейтс қоры қаржыландыратын мақұлданған және халықаралық танылған схемаға қосылу, ДДҰ-TDR және мейіргерлер Burdett Trust. Барлық дағдыларыңыз бен білімдеріңізді тіркей отырып, өзіңіздің тәжірибеңізді көрсететін мүшелік деңгейініне ие болу. Деңгей бойынша жоғары жылжи отырып, түрлі механизмдерге қол жеткізіп мүмкіндіктеріңізді жоғарылата алу мүмкіндігі.

\*Электрондық оқыту - бұл қысқа курстар сізге медициналық зерттеулер саласында жұмыс істеу дағдысы мен сенімділігін береді, олардың әрқайсысы сертификатталған және осы курстардың барлығы әлемдік деңгейдегі зерттеу ұйымдарымен ұсынылған.

\*Онлайн үлгілерге сілтемелер - зерттеудің соңғы нәтижелерін және т.б. табуға болатын зерттеулерді жүргізу жолы туралы көбірек ақпарат алу.

*Сілтеме:* <https://globalresearchnurses.tghn.org/>

*Құрылған жылы:* 2009

*Тіл(дер):* Ағылшын тілі

*Шығарылған елі:* Нигерия

## CINAHL

Мейіргер ісі және денсаулық сақтаудың аралас салалары бойынша жинақталған әдебиет индексі/Cumulative Index to Nursing and Allied Health Literature

CINAHL деректер қоры мейіргер ісі және денсаулық сақтаудың аралас мәселелері бойынша ең қолжетімді әдебиетті индекстеуді қамтамасыз етеді, соның ішінде мейіргер ісі бойынша журналдарды және күтім жөніндегі Ұлттық лиганың және американдық мейіргерлер ассоциациясының жарияланымдарын қамтиды. Әдебиет күтім, биомедицина, денсаулық сақтау саласындағы кітапхана ісі, баламалы / комплементарлы медицина, тұтынушылардың денсаулығы және 17 аралас пәндер тақырыптарының кең спектрін қамтиды.

Сонымен қатар, CINAHL деректер қоры медициналық кітаптарға, мейіргерлік диссертацияларға, конференциялардың жекелеген материалдарына, тәжірибе стандарттарына, аудиовизуалды құралдарға және кітап бөлімдеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ол толық мәтінді журналдарды, сот істерін,

клиникалық инновацияларды, сыни жолдарды, зерттеу құралдарын және клиникалық сынақтарды қамтиды.

Мейіргер ісі саласындағы зерттеулерге арналған маңызды құрал болып табылатын CINAHL деректер қоры іздеудің базалық және кеңейтілген функцияларымен және іздеу мүмкіндігімен дәйек келтірілетін сілтемелермен пайдалануға оңай интерфейсті ұсынады. CINAHL пәндік айдарлар пайдаланушыларға ақпаратты тиімді іздеуге және алуға көмектеседі және Ұлттық медициналық кітапхана пайдаланатын медициналық пәндік айдарлар (MeSH) құрылымына сәйкес келеді. CINAHL деректеріне қол жеткізу тіркелу ақылы жүзеге асырылады.

*Сілтеме:* <https://health.ebsco.com/products/the-cinahl-database>

*Құрылған жылы:* 1984

*Тіл(дер):* Ағылшын тілі

*Шығарылған елі:* АҚШ

## MEDLINE

MEDLINE (Medical Literature Analysis and Retrieval System/Медициналық әдебиеттерді талдау және іздеу жүйесі). Америка Құрама Штаттарының Ұлттық медицина кітапханасы (NLM-National Library of Medicine) ұйымдастырған және жүргізетін бұл библиографиялық электронды медициналық ғылымдар базасы 70-тен астам елде жарияланған 5000-нан астам журналдардың тізімін ұсынады және 15 миллионнан астам жазбаларды қамтиды. MEDLINE мазмұнын бірнеше іздеу интерфейсі арқылы іздеуге болады, олардың көпшілігі ақылы жазылым қызметтері арқылы қамтамасыз етіледі (мысалы, Ovid, EBSCO немесе ProQuest), бірақ оған PubMed сайты арқылы ақысыз пайдалануға болады. Жүйелі шолуларды іздеу кезінде MEDLINE-ның ақылы нұсқаларына қарағанда PubMed-тің жоғары іздеу жылдамдығы бар екенін көрсетті [24].

MEDLINE 1966 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі деректерді қамтиды. Оған жүгіну нақты тұжырымдалған жеке клиникалық сұрақтарды тиімді шешуге мүмкіндік береді. PM-дегі мақаланың мазмұны дәл жарияланған түрде көрсетілуі үшін, сапаны бағалау (QA ) PM-ге келіп түсетін барлық контент үшін жүргізіледі. QA - бұл автоматты және қолмен жүргізілетін тексерулердің жиынтығы және оны көптеген журналдарға жауап беретін журнал менеджерлерінің (JM) командасы басқарады. JM сондай-ақ контенттің кесте бойынша мазмұны сақталуына, автоматтандырылған жұмыс үрдісінен сәтті өтуіне және қолданыстағы сайтқа уақтылы берілуін қамтамасыз ету үшін жауапты болады. JM мәселелерді шешу және сұрақтарға жауап беру үшін баспагерлермен және контентті жеткізушілермен үнемі өзара байланыс жасап отырады. Сайтты қолданғанда негізгі параметрлер бойынша іздеу критерийлерін тарылтуға мүмкіндік беретін сүзгілер бар. Іздеудің ең жақсы нәтижелеріне жету үшін кілт сөздер қолданылады. Ал кілт сөздерге іздеу операторлары қосылады (AND, OR, NOT) іздеу терминдерінің арасындағы қарым-қатынасты анықтау және күрделі сұраныстарды жасау үшін.

*Сілтеме:* <https://www.nlm.nih.gov/bsd/medline.html>

*Құрылған жылы: 1966*  
*Тіл(дер): Ағылшын тілі*  
*Шығарылған елі: АҚШ*

## COCHRANE LIBRARY

Кокран кітапханасы (Арчи Кокранның құрметіне аталған) Кокран және басқа ұйымдар ұсынған медицина және басқа да денсаулық сақтау мамандықтары бойынша деректер базасының жинағы болып табылады. Кокрандық ынтымақтастық (Cochrane Collaboration)- бұл әртүрлі медициналық іс-әрекеттердің қауіпсіздігін және тиімділігін бағалауға арналған жүйелі шолуларды дайындау, жүргізу, тарату, сонымен қатар, қажетті ақпараттарды іздеуді тез жүзеге асыратын электронды мәліметтер базасын дайындаумен айналысатын халықаралық ұйым. Бұл базаның (Cochrane Library) құрамына емдеудің әртүрлі аспектілерін бағалауға арналған ең басты РКИ-лердің жүйелі шолуы кіреді. Онда басқа зерттеулердің нәтижелері (мысалы, болжам немесе диагностиканың жаңа әдістерін үйренуге арналған) болмайды. Cochrane Library компакт-дисктерде және интернет сайттарында жарыққа шығып отырады, әр тоқсан сайын жаңартылады және 3 негізгі тараудан құралған.

Бірінші тарау - Кокрандық жүйелі шолулардың мәліметтер базасына (Cochrane Database of Systematic Reviews –CDSR) Кокрандық әріптестігімен дайындалған барлық жүйелі шолулар, сонымен қатар, аяқталмаған шолулардың хаттамалары жайлы толық мәліметтер кіреді.

Екінші тарау іс - әрекеттердің тиімділігін бағалауға арналған шолулардың мәліметтер базасы (Database of Abstracts of Reviews of Effectiveness - DARE) Кокрандық әріптестікке кірмейтін авторлардың орындауындағы жүйелі шолулардан тұрады. Бұл тарау жеке ақпараттық ресурсқа ие және Cochrane Library тізімінде жоқ қолданушылар үшін мына адресіте <http://nhscrd.york.ac.uk> қол жетімді; сонымен қатар, ол медициналық көмек көрсетудің экономикалық және технологиялық аспектілерін бағалауға арналған зерттеулерді іздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Үшінші тарау - бақыланатын сынақ реестрі (Cochrane Controlled Trials Registry - CCTR), Кокрандық әріптестіктің мүшелері әртүрлі ақпарат көздерінен, сонымен қатар, MEDLINE және EMBASE/Excerpta Medica библиографиялық базасында анықталған және үздіксіз толықтырылып отыратын клиникалық сынақтардың тізімінен тұрады.

*Сілтеме: <https://www.cochranelibrary.com/>*

*Құрылған жылы: 1996*  
*Тіл(дер): Ағылшын тілі*  
*Шығарылған елі: АҚШ*

## PUBMED

PubMed арнайы әдебиеттен алынған медициналық және биологиялық мақалаларды құжаттайды, сондай-ақ толық мәтінді мақалаларға сілтеме береді. PubMed келесі дереккөздерден тұрады: медицина, стоматология, ветеринария,

жалпы денсаулық сақтау, психология, биология, генетика, биохимия, цитология, биотехнология, биомедицина және т.б. 3800 жуық биомедициналық басылымдар құжатталған. Жыл сайын PubMed деректер қоры 500 000 құжатқа көбейеді. Іздеу Medical Subject Headings/медициналық мақсаттағы заттар (MeSH) принципі бойынша жүргізіледі.

Әрбір мақалаға PMID бірегей сәйкестендіру нөмірі беріледі (ағылш. PubMed Identifier — идентификатор PubMed).

*Сілтеме:* <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/>

*Құрылған жылы:* 1997

*Тіл(дер):* Ағылшын тілі

*Шығарылған елі:* АҚШ

## ЖҮЙЕЛІК ШОЛУЛАР МЕН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕРДІҢ JBI ЖУРНАЛЫ

JBI (Journal of Biomedical Informatics) жүйелік шолулар мен іске асыру туралы есептердің (JBISRIR) JBI ресми журналы болып табылады. 1968 жылы Computers and Biomedical Research (CBR) атаумен академиялық баспасөзде жарияланған биомедициналық информатика журналы (JBI) 2001 жылы 34 томынан бастап қайта өңделіп және атауы өзгертілді. Бұл халықаралық рецензияланатын онлайн-журнал, онда жинақталған жалпылама деректерді және денсаулық сақтауды қамтитын қолжазбалар жарияланады. JBISRIR қатаң, жоғары сапалы зерттеулерді таратуға ұмтылады, олар ғылыми зерттеулер мен жүйелі шолу жүргізу арқылы саясат пен тәжірибені ақпараттандыру үшін ең жақсы деректерді ұсынады. Журнал жүйелі және шолу хаттамаларын, JBI әзірлеген әдістеме мен әдістерге сүйенетін денсаулық сақтаумен байланысты пәнаралық тақырыптарды қамтитын жүйелі шолулардың әртүрлі түрлерін жариялайды. Журналда сонымен қатар редакторлар редакциялық мақалаларды, хаттарды, сондай-ақ синтездеу әдістері қарастырылатын бірегей қолданбалы зерттеулер мен пікірталас құжаттарын жариялайды. JBISRIR invitro немесе жануарларды зерттеудің жүйелі шолуларын қабылдамайды. JBISRIR ай сайынғы шығарылымдарды жыл сайынғы көлемде жариялайды.

Журнал бөлімінің ережелері:

\* Жүйелі шолулар (JBI әдіснамаларын пайдалана отырып жүргізілетін жүйелі шолулар туралы толық есептерді қамтиды).

\* Хаттамаларға жүйелі шолу (JBI әдіснамасын пайдалана отырып, жүйелі шолу жүргізгенге дейін жарияланған жүйелі шолу хаттамаларын қамтиды).

\* Қателер саясаты (JBI шолу және жүзеге асыру ғылыми жазбаның тұтастығы мен толықтығының маңыздылығын мойындайды).

\* Қайта қарау процесі ұсынылған әрбір қолжазба екі рецензентпен соқыр бағалануға ұшырайды: ұсынылған материалдардың бірегейлігі-қолжазбалар JBI, Cochrane Collaboration немесе басқа да жақсы жүргізілген жобаларды қайталамауы тиіс; оның теориясының негізділігі және JBI әдіснамаларына бейімділігі; және оның оқырмандармен қарым-қатынас жасау қабілеті (грамматика және стиль).

*Сілтеме:* <https://journals.lww.com/jbisrir/pages/default.aspx>

*Құрылған жылы:* 1996

*Тіл(дер):* Ағылшын тілі

*Шығарылған елі:* Австралия

## EMBASE

Embase (Excerpta Medica dataBASE) лицензияланған препараттың нормативтік талаптарына сәйкес ақпараттық менеджерлер мен фармакоқадағалауды қолдауға арналған жарияланған әдебиеттің медициналық және фармакологиялық библиографиялық деректер базасы болып табылады. Elsevier шығарған Embase, 1947 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жарияланған 8500-ден астам журналдардың 32 миллионнан астам жазбаларын қамтиды. Халықаралық қамту, Emtree көмегімен дәрі-дәрмектерді күнделікті жаңарту және индекстеу арқасында Embase жарияланған әдебиетте дәрі-дәрмек туралы ақпаратты қадағалау мен іздеуді қамтамасыз етеді. Әрбір жазба толық индекстелген, және баспасөздегі мақалалар кейбір жазбалар үшін қол жетімді, ал процесс барысында толық индексацияға дейін барлық жазбалар қол жетімді болып табылады. Халықаралық қамту арқылы Embase 95 елдің биомедициналық журналдарына таралады және бірқатар дерекқор жеткізушілері арқылы қол жетімді.

*Сілтеме:* <https://www.elsevier.com/solutions/embase-biomedical-research>

*Құрылған жылы:* 1947/1974

*Тіл(дер):* Ағылшын тілі

*Шығарылған елі:* Нидерланд

Ұсынылған нәтижелер мейіргерлік қоғамдастықта белгілі ең көп таралған және танымал мамандандырылған медициналық ресурстарды сипаттайды. Бұл ретте, ұсынылған 8 ресурстың тек 3-еуі ғана Мейіргер ісі мамандары үшін мамандандырылған болып табылатынын атап өткен жөн (37,5%). Бұл факт Денсаулық сақтау жүйесіне тұтастай әсер ете отырып талқылануы және бағалануы керек.

### **1.3 Мейіргерлердің үздіксіз кәсіптік білім алуындағы кәсіби күзіреттілігі**

*Түйін сөздер (key words):* мейіргер (nurse) – құзыреттілік (competence) – шеберлік (skill) - онлайн-ресурс (online resource) - электронды платформа (e-platform) - веб-сайт (website) – гаджет (gadget) – тиімділік (efficiency).

*Ұғымдық жолақ/мағыналық сөздер (strip-line):* nurse AND (competency OR skill) AND (online OR e-platform OR website OR gadget) And efficiency.

2 кезең - Сандық және сапалық әдістер (сауалнама), кейінгі талдаумен.

Біз 2 бөлімнен тұратын арнайы сауалнаманы дайындадық: төлқұжат бөлімі және арнайы бөлім. 6 сұрақтан тұратын төлқұжат бөлімінде сауалнама жүргізу кезіндегі мәртебені көрсету керек болды. Арнайы бөлім мейіргер ісін зерттеуге қатысты 15 сұрақтан тұрды. Сауалнама ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, толығымен құпия, жасырын және деректерді жариялауға болмайды.

Егер респондент өз жауабына нық сенімді болған жағдайда – «жоқ» немесе «иә» деп нақты мәлімдеме қою ұсынылды. Егер респондент күмәнданса, жауабына сенімді емес болса – «білмеймін» жауабын белгілеу ұсынылды.

3 кезең - Алынған нәтижелерді талдау, қорыту және жүйелеу; статистикалық өңдеу.

### **2.3 Этикалық мақұлдау**

Зерттеуді жүргізуден алдын «Астана медицина университеті» КеАҚ жергілікті биоэтикалық комитеті (2019 жылғы 19 желтоқсандағы №2 хаттама) шешімімен этикалық мақұлдау алынды. Сауалнама жүргізер алдында зерттеудің барлық қатысушылары зерттеудің мақсаттары туралы хабардар етілді. Зерттеудің барлық кезеңдерінде деректердің құпиялылығы принципі сақталды. Сауалнама ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, толығымен құпия, жасырын және деректерді жариялауға болмайды.

### **2.4 Деректерді статистикалық өңдеу**

Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу жалпы қабылданған әдістерді қолдана отырып жүргізілді. Алынған деректерді статистикалық өңдеу дербес компьютерде «Microsoft Office Excel» және «IBM SPSS Statistics» статистикалық бағдарламалар пакетін қолдану арқылы жүргізілді.

Нәтижелерді статистикалық өңдеу кезінде тәуелсіз үлгілер үшін сипаттамалық статистика және параметрлік емес критерийлер қолданылды.

Сапалық белгілердің екі немесе одан да көп тобын салыстыру үшін Хи-квадрат ( $\chi^2$ ) өлшемі есептеліп, ықтималдылық қатынасы тесті қолданылды. Айырмашылықтар  $p < 0,05$  деңгейінде статистикалық маңызды деп танылды.

### 3 ТӘЖІРИБЕДЕГІ МЕЙІРГЕРЛЕРДІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ОНЛАЙН РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ (нәтижелер)


#### 3.1 Мамандандырылған онлайн ресурстарды қолдану мәселелері бойынша мейіргерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау

Мейіргердің жұмысындағы Интернеттің артықшылықтары туралы зерттеу сауалнамасында 6 сұрақ қарастырылды. Осылайша біз келесі нәтижелерге қол жеткіздік (2- кесте).

2-кесте – Мейіргерлердің кәсіби қызметінде интернет-ресурстарды пайдалана білуінің коммуникативтік дағдылары

Интернеттің мейіргер жұмысына әсері	Категория	Саны	%
Мейіргерлерге арналған арнайы сайттар бар екенін білесіз бе?	Иә	170	77,27%
	Жоқ	32	14,55%
	Білмеймін	18	8,18%
Сіз жұмысыңыз үшін мейіргерлік сайттардағы ақпаратты пайдаланасыз ба?	Иә	134	60,91%
	Жоқ	84	38,18%
	Білмеймін	2	0,91%
Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты іздеу үшін Интернетті пайдаланасыз ба?	Иә	198	90,00%
	Жоқ	19	8,64%
	Білмеймін	3	1,36%
Сіз басқа мейіргерлермен байланыс жасау үшін Instagram, Telegram, Facebook және басқа әлеуметтік желілерді қолданыңыз ба?	Иә	155	70,45%
	Жоқ	62	28,18%
	Білмеймін	3	1,36%
Сіз Қазақстанның басқа аймақтарындағы және басқа елдердегі мейіргерлермен, дәрігерлермен сөйлесіп, хат алмасасыз ба?	Иә	96	43,64%
	Жоқ	120	54,55%
	Білмеймін	4	1,82%
Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты (бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер, ұсыныстар, нұсқаулықтар, хаттамалар, алгоритмдер) Интернет арқылы алғыңыз келеді ме?	Иә	199	90,45%
	Жоқ	10	4,55%
	Білмеймін	11	5,00%

## МЕЙІРГЕРЛЕРДІҢ ИНТЕРНЕТТІ КӘСІБИ ЖҰМЫСЫНДА ҚОЛДАНУЫ, %




Мейіргерлер үшін арнайы сайттар бар екенін біледі	Кәсіби қызметінде мейіргерлік сайттардан алынған ақпаратты пайдаланады	Интернетті жұмысына байланысты ақпаратты іздеу үшін пайдаланады
77,27	60,91	90,00

8-сурет – Мейіргерлердің интернетті кәсіби жұмысында қолдануы, %.

Мамандандырылған онлайн ресурстарды қолдану мәселелері бойынша мейіргерлерге сауалнама жүргізу нәтижелерін талдау, сұралғандардың көпшілігі интернетті жұмыс туралы ақпаратты іздеу үшін пайдаланатындығын көрсетті – сұралғандардың 90,00% (n=198). Бірақ бізде сауалнамаға жауап берген мейіргерлердің 8,64% жұмыс туралы ақпаратты іздеу үшін интернеттің мүмкіндіктерін пайдаланбаймыз деп көрсеткен. Мұның себебін анықтау үшін интернетті жұмыс туралы ақпаратты іздеу үшін қай аймақта пайдаланатын немесе пайдаланбайтын контингент туралы қосымша зерттеу жүргізу қажет. Кеңейтілген зерттеу жұмысын жүргізу барысында, бұл пайыз артуы немесе азаюы мүмкін. 77,27% (n=170) мейіргерлерге арналған арнайы сайттар бар екенін біледі, ал 60,91% (n=134) мейіргерлік сайттардан алынған ақпаратты өз жұмысы үшін пайдаланады, ал сұралғандардың 38,18% - ы бұл сұраққа теріс жауап берді, бұл көрсеткіш күмән тудыра отырып, келесіде үлкен немесе кіші мәнге ауысуы мүмкін (8- сурет).


### Әріптестерімен интернет желісі арқылы қарым-қатынас, %



9-сурет – Әріптестерімен интернет желісі арқылы қарым-қатынас, %.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі әлеуметтік желілерді (Instagram, Telegram, Facebook және т.б.) басқа мейіргерлермен (70,45%, n=155) сөйлесу үшін пайдаланады, 43,64 % (n=96) Қазақстанның басқа аймақтарындағы және басқа елдердегі мейіргерлермен, дәрігерлермен хат алмасып, қашықтықтан сөйлеседі (9- сурет). Осылайша, әлеуметтік желілер аймақтық деңгейде, кәсіби байланыстарды кеңейту мақсатында аз дәрежеде қолданылатынын байқауға болады.

### Интернет желісін кәсіби мақсатта пайдалану ниеті, %




10-сурет – Интернет желісін кәсіби мақсатта пайдалану ниеті, %.

Сұралғандардың басым көпшілігі 199 мейіргер 90,45% Интернет желісін кәсіби мақсатта пайдалану мүмкіндігі туралы ақпаратты (бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер, ұсыныстар, нұсқаулықтар, хаттамалар, алгоритмдер) одан әрі алуға қызығушылық танытты (10- сурет).

Мейіргерлік тәжірибені жетілдіруге IT-ресурстардың әсерін егжей-тегжейлі қарастыру үшін мейіргерлер үшін 9 сұрақтан тұратын блок құрылды (3- кесте).

3-кесте – Өзінің мейіргерлік тәжірибесін жетілдіру үшін мамандандырылған платформаларды еңбек қызметінде қолдануы

№	Жұмыста мейіргерлік сайттарды пайдалану	Категория	Саны	%
1	<a href="http://www.nursekz.com">www.nursekz.com</a> сайты қолданасыз ба?	Иә	35	15,91%
		Жоқ	166	75,45%
		Білмеймін	19	8,64%
2	Сіз Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін білесіз бе?	Иә	111	50,45%
		Жоқ	79	35,91%
		Білмеймін	30	13,64%
3	Жұмыста даулы мәселелер туындаған жағдайда медициналық сайттарды жиі пайдаланасыз ба?	Иә	97	44,09%
		Жоқ	106	48,18%
		Білмеймін	17	7,73%
4	Сіз есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан ақпаратты пайдаландыңыз ба?	Иә	120	54,55%
		Жоқ	92	41,82%
		Білмеймін	8	3,63%
5	Сізге мейіргерлік арнайы сайттарды бағдарлау оңай ма?	Иә	106	48,18%
		Жоқ	63	28,64%
		Білмеймін	51	23,18%
6	Сізге қажет ақпаратты сайттардан ұзақ уақыт іздейсіз бе?	Иә	91	41,36%
		Жоқ	100	45,45%
		Білмеймін	29	13,19%
7	Сізге сайттардан тапқан ақпаратты түсіну оңай ма?	Иә	142	64,55%
		Жоқ	36	16,36%
		Білмеймін	42	19,09%
8	Сіз Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай аласыз ба?	Иә	71	32,27%
		Жоқ	71	32,27%
		Білмеймін	78	35,46%
9	Тәжірибеңізде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын жиі қолданасыз ба?	Иә	67	30,45%
		Жоқ	94	42,73%
		Білмеймін	59	26,82%



11-сурет – Мейіргерлердің Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы туралы білетіндігі, %.

Сауалнамаға қатысқандардың жартысы Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығының бар екенін біледі 50,45% (n=111), [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты тек 15,91% пайдаланады (n=35) (11- сурет).




12-сурет – Жұмыста медициналық сайттарды пайдалану, %.

Жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды жиі қолданады 44,09% (n=97). Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан алынған ақпаратты пайдаланады 54,55% (n=120) (12-сурет).




### Мейіргерлерге арналған сайттардағы ақпаратпен жұмыс, %



13-сурет – Мейіргерлерге арналған сайттардағы ақпаратпен жұмыс, %.

Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (48,18%, n=106) мейіргерлік сайттарды оңай бағдарлайды. 41,36% (n=91) мейіргерлер қажетті ақпараттарды сайттардан ұзақ уақыт бойы іздейді, ал 64,55% (n=142) мамандандырылған сайттардан тапқан ақпаратты оңай түсінеді (13- сурет).

### Мейіргерлер тәжірибесіндегі дәлелді медицина базасы, %



14-сурет – Мейіргерлер тәжірибесіндегі дәлелді медицина базасы, %.

Интернеттегі медициналық мақалалардың дәлелділік деңгейін респонденттердің үштен бір бөлігін ғана бағалай алады 32,27% (n=71), тиісінше (30,45%, n=67) мейіргерлер ғана өз тәжірибесінде интернет-ресурстардан дәлелді медицина базасын пайдаланады (14- сурет).

### 3.2 Зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау

Тәжірибедегі мейіргерлердің онлайн ресурстарды пайдалануының тиімділігін кешенді бағалау мақсатында, сауалнаманың мамандандырылған бөлігіне талдау жүргіздік, мамандандырылған ресурстарды пайдалану дәрежесі мен хабардарлығын анықтауға баса назар аудара отырып, 15 сұрақ қарастырдық. Бағалау барысында мамандандырылған ақпараттық онлайн ресурстардың Денсаулық сақтау жүйесіндегі мейіргер ісін ілгерілетуге, қолдауға және мейіргерлердің хабардар болуына қатысты жауаптардың жоғары құбылмалылығы атап өтілді. Респонденттерде мейіргер ісінің белсенділігі туралы ақпаратты алуға деген қызығушылық жоғары екендігі байқалды. Сұралған мейіргерлер мейіргер ісін жетілдірумен айналысатын ұйымның жұмыс жасайтынын біледі, алайда тәжірибені дамытуға және жетілдіруге ықпал ететін ақпараттық ресурс ретіндегі сайты бар екендігін білмейді. Сондай-ақ, респонденттер мамандандырылған онлайн-ақпараттық ресурстарды бағдарлау қиынға соғатынын, бірақ қажетті ақпаратты алған кезде ол түсінікті түрде ұсынылғанын және оңай қабылданатынын атап өтті. Мейіргерлердің дәлелді мейіргерлік тәжірибе принциптері туралы хабардар болу дәрежесі күмән тудырады, өйткені дәлелді тәжірибе әдістерін меңгерудің арақатынасы түсінбеушілік бағытында басымырақ болып көрсетілген. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, мақсатты аудиторияның мамандандырылған онлайн ресурстарды жеткіліксіз пайдалану тенденциясы анықталды (4- кесте).

4-кесте – Мейіргерлердің жұмыс орнына байланысты тәжірибелік қызметінде онлайн ресурстарды қолдануына жүргізілген салыстырмалы талдауының нәтижесі, %

№	Сұрақ	Категория	А/Г*		Д/ПО*		Е*		ҒО*		МО*		р**	Жалпы көрсеткіш	
1	Мейіргерлерге арналған арнайы сайттар бар екенін білесіз бе?	Иә	54	77,14	40	83,33	46	68,66	13	81,25	13	86,67	0,382	33,2	79,41
		Жоқ	9	12,86	6	12,50	14	20,89	1	6,25	2	13,33		6,4	13,166
		Білмеймін	7	10,00	2	4,17	7	10,45	2	12,50	0	0,00		3,6	7,424
2	Сіз жұмысыңыз үшін мейіргерлік сайттардағы ақпаратты пайдаланасыз ба?	Иә	44	62,86	35	72,92	29	43,28	12	75,00	11	73,33	0,015***	26,2	65,478
		Жоқ	24	34,28	13	27,08	38	56,72	4	25,00	4	26,67		16,6	33,95
		Білмеймін	2	2,86	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00		0,4	0,572
3	Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты іздеу үшін Интернетті пайдаланасыз ба?	Иә	62	88,57	43	89,58	59	88,06	16	100,00	14	93,33	0,205	38,8	91,908
		Жоқ	5	7,14	5	10,42	8	11,94	0	0,00	1	6,67		3,8	7,234
		Білмеймін	3	4,29	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00		0,6	0,858

#### 4-кестенің жалғасы

4	Сіз басқа мейіргерлермен байланыс жасау үшін Instagram, Telegram, Facebook және басқа әлеуметтік желілерді қолданыңыз ба?	Иә	52	74,29	32	66,67	47	70,15	11	68,75	9	60,00	0,665	30,2	67,972
		Жоқ	16	22,86	15	31,25	20	29,85	5	31,25	6	40,00		12,4	31,042
		Білмеймін	2	2,85	1	2,08	0	0,00	0	0,00	0	0,00		0,6	0,986
5	Сіз Қазақстанның басқа аймақтарындағы және басқа елдердегі мейіргерлермен, дәрігерлермен сөйлесіп, хат алмасасыз ба?	Иә	34	48,57	19	39,58	26	38,81	9	56,25	5	33,33	0,097	18,6	43,308
		Жоқ	32	45,72	29	60,42	41	61,19	7	43,75	10	66,67		23,8	55,55
		Білмеймін	4	5,71	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00		0,8	1,142
6	Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты (бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер, ұсыныстар, нұсқаулықтар, хаттамалар, алгоритмдер) Интернет арқылы алғыңыз келеді ме?	Иә	66	94,29	47	97,92	53	79,10	15	93,75	14	93,33	0,021***	39	91,678
		Жоқ	2	2,86	1	2,08	7	10,45	0	0,00	0	0,00		2	3,078
		Білмеймін	2	2,85	0	0,00	7	10,45	1	6,25	1	6,67		2,2	5,244
7	<a href="http://www.nursekz.com">www.nursekz.com</a> сайты қолданасыз ба?	Иә	18	25,71	5	10,42	7	10,45	0	0,00	4	26,67	0,011***	6,8	14,65
		Жоқ	45	64,29	41	85,42	57	85,07	13	81,25	9	60,00		33	75,206
		Білмеймін	7	10,00	2	4,16	3	4,48	3	18,75	2	13,33		3,4	10,144
8	Сіз Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін білесіз бе?	Иә	32	45,71	33	68,75	28	41,79	8	50,00	9	60,00	0,135	22	53,25
		Жоқ	25	35,72	11	22,92	30	44,78	7	43,75	5	33,33		15,6	36,1
		Білмеймін	13	18,57	4	8,33	9	13,43	1	6,25	1	6,67		5,6	10,65
9	Жұмыста даулы мәселелер туындаған жағдайда медициналық сайттарды жиі пайдаланасыз ба?	Иә	37	52,86	20	41,67	24	35,82	7	43,75	6	40,00	0,102	18,8	42,82
		Жоқ	27	38,57	25	52,08	41	61,19	6	37,5	6	40,00		21	45,868
		Білмеймін	6	8,57	3	6,25	2	2,99	3	18,75	3	20,00		3,4	11,312
10	Сіз есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан ақпаратты пайдаландыңыз ба?	Иә	44	62,86	25	52,08	24	35,82	14	87,50	11	73,33	0,001***	23,6	62,318
		Жоқ	22	31,43	21	43,75	42	62,69	2	12,50	4	26,67		18,2	35,408
		Білмеймін	4	5,71	2	4,17	1	1,49	0	0,00	0	0,00		1,4	2,274
11	Сізге мейіргерлік арнайы сайттарды бағдарлау оңайма?	Иә	42	60,00	15	31,25	28	41,79	7	43,75	5	33,33	0,308	19,4	42,024
		Жоқ	14	20,00	22	45,83	19	28,36	6	37,50	7	46,67		13,6	35,672
		Білмеймін	14	20,00	11	22,92	20	29,85	3	18,75	3	20,00		10,2	22,304
12	Сізге қажет ақпаратты сайттардан ұзақ уақыт іздейсіз бе?	Иә	29	41,43	18	37,50	26	38,81	8	50,00	7	46,67	0,597	17,6	42,882
		Жоқ	29	41,43	23	47,92	33	49,25	6	37,50	6	40,00		19,4	43,22
		Білмеймін	12	17,14	7	14,58	8	11,94	2	12,50	2	13,33		6,2	13,898

#### 4-кестенің жалғасы


13	Сізге сайттардан тапқан ақпаратты түсіну оңайма?	Иә	52	74,29	30	62,50	37	55,22	9	56,25	10	66,67	0,103	27,6	62,986
		Жоқ	8	11,43	8	16,67	16	23,88	1	6,25	0	0,00		6,6	11,646
		Білмеймін	10	14,28	10	20,83	14	20,90	5	37,50	5	33,33		8,8	25,368
14	Сіз Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай аласыз ба?	Иә	23	32,86	11	22,92	19	28,36	10	62,50	5	33,33	0,153	13,6	35,994
		Жоқ	19	27,14	19	39,58	27	40,30	0	0,00	4	26,67		13,8	26,738
		Білмеймін	28	40,00	18	37,50	21	31,34	6	37,50	6	40,00		15,8	37,268
15	Тәжірибеңізде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын жиі қолданасыз ба?	Иә	30	42,86	9	18,75	11	16,42	8	50,00	6	40,00	0,002***	12,8	33,606
		Жоқ	24	34,29	28	58,33	35	52,24	2	12,50	3	20,00		18,4	35,472
		Білмеймін	16	22,85	11	22,92	21	31,34	6	37,50	6	40,00		12	30,922

Ескертпе: \*- (А/Г) - Аурухана/Госпиталь; (Е) - Емхана; (ҒО) – Ғылыми орталық; (МО) – Медициналық орталық; (Д/ПО) - Диспансер/Перинаталды орталық.

\*\* - ықтималдылық қатынасы тесті қолданылды, айырмашылықтар  $p < 0,05$  деңгейінде статистикалық маңызды деп танылды


\*\*\* - статистикалық маңызды айырмашылықтар

Зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау мейіргерлердің жұмыс орнына байланысты олардың тәжірибелік қызметінде онлайн ресурстарды қолдануын зерттеу мақсатында жүргізілді.



15-сурет – Мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы салыстырмалы гистограмма, %.


«Мейіргерлерге арналған арнайы сайттар бар екенін білесіз бе?» - деген алғашқы сұраққа, (абсолюттік мәндердің орташа көрсеткіші (Ср.АП) - 33,2,  $p=0,382$ ) оң жауаптардың ең аз саны емханалардың мейіргерлерінен алынды 68,66% (67 сұралғандардың 46 - ы), ең көп саны - медициналық орталықтың мейіргерлері арасында 86,67% (15 сұралғандардың 13-і) (15- сурет).



16-сурет – Мейіргерлік сайттардан алынған ақпараттарды өз жұмысы үшін пайдаланудың салыстырмалы гистограммасы, %.

«Сіз жұмысыңыз үшін мейіргерлік сайттардағы ақпаратты пайдаланасыз ба?» - деген екінші сұраққа оң жауаптардың орташа көрсеткіші 65,48% (Ср.АП


26,2,  $p=0,015$ ), ең аз «Иә» деп жауап берді емханалардың мейіргерлері - 43,28% (сұралғандардың 67-нің 29-ы). Аурухана/ госпиталь мейіргерлерінің арасында оң жауаптар болды - 62,86% (70 сұралғандардың 44-і), диспансерден/перинаталды орталықтан және медициналық орталықтан алынған сауалнамалардың шамамен бірдей пайызы «Иә» деп жауап берді (72,92%, 48 сұралғандардың 35-і және 73,33% 15 сұралғандардың – 11-і). Өз жұмысында мейіргерлік сайттардан алынған ақпаратты пайдаланатын мейіргерлердің ең көп саны ғылыми орталықта анықталды - 75,00% (16 сұралғандардың 12-сі) (16-сурет).



17-сурет – Жұмыс туралы ақпаратты іздеу үшін Интернетті пайдалануы туралы салыстырмалы гистограмма, %.

Келесі «Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты іздеу үшін Интернетті пайдаланасыз ба?» - оң жауаптардың орташа көрсеткіші 65,48% (Ср.АП 26,2,  $p=0,205$ ), «Иә» деп жауап берген мейіргерлердің басым көпшілігі: ғылыми орталықта - 100,00%, медициналық орталықта – 93,33% (15 сұралғандардың 14 - і), диспансерде/перинаталдық орталықта - 89,58% (48 сұралғандардың 43-і), ауруханада/ госпитальда - 88,57% (70-тің 62-сі), емханада-88,06% (67 мейіргердің 59-ы) (17- сурет).


Мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы ғылыми орталықтардың мейіргерлері көбірек біледі. Респонденттердің бұл контингенті мейіргерлерге арналған мамандандырылған сайттар туралы ғана емес, сонымен қатар медициналық тәжірибе туралы, басқа да арнайы ақпараттық интернет-ресурстар туралы хабардар етілген.



18-сурет – Басқа мейіргерлермен қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілерді пайдалануы туралы салыстырмалы гистограмма, %.

«Сіз басқа мейіргерлермен байланыс жасау үшін Instagram, Telegram, Facebook және басқа әлеуметтік желілерді қолданыңыз ба?» - оң жауаптардың орташа көрсеткіші 67,97% (Ср.АП 30,2,  $p=0,665$ ), оң жауаптар саны келесідей бөлінді: аурухана/госпиталь - 74,29% (70 сұралғандардың 52 - сі), емхана - 70,15% (67 - ден 47 - сі), ғылыми орталық-68,75% (16-дан 11-і), диспансер/перинаталдық орталық-66,67% (48-ден 32-сі), медициналық орталық - 60,00 % (15 мейіргердің 9-ы) (18- сурет).


Коммуникативті дағдылар емханалардың, аурухана/госпиталь мейіргерлерінде көбірек дамыған болса, медициналық орталықтардың мейіргерлерінде жақсы дамыған. Бұл сұраққа байланысты тағы туындайтын бір мәселе, әлеуметтік желілер арқылы мамандандырылған ақпарат алмасады ма әлде тұрмыстық ақпарат ағымы жүргізіледі ме? Көп жағдайда бұл мамандандырылған ақпарат болмауы мүмкін. Не дегенмен де, интернетті пайдалану дағдылары мен негіздерін, мейіргерлер өз тәжірибесінде біледі және қолданады.



19-сурет – Қазақстанның басқа өңірлерінен және басқа елдердегі әріптестермен қашықтықтағы қарым-қатынас туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.

«Сіз Қазақстанның басқа аймақтарындағы және басқа елдердегі мейіргерлермен, дәрігерлермен сөйлесіп, хат алмасасыз ба?» - оң жауаптардың орташа көрсеткіші 43,31% (Ср.АП 18,6,  $p=0,097$ ), ғылыми орталықтың мейіргерлерінің 56,25% - ы (сұралғандардың 16-ның 9-ы) оң жауап берген, себебі көп жағдайда ғылыми орталықтар ұлттық консультативтік ұйымдар болып табылады, сондықтан аймақтағы мәселелерді шешу үшін интернет арқылы байланыс орнатып отырады. Аурухана/госпиталь мейіргерлерінің 48,57% - ы (сұралғандардың 70-інің 34-і) «Иә» деп жауап берді. Диспансердің/перинаталдық орталықтың және емхананың мейіргерлерінің ішінен тиісінше 39,58% (48-ден 19) және 38,81% (67-ден 26) оң жауап берді. Медициналық орталықта сұралғандардың үштен бірі 33,33% (15-тен 5) «Иә» деп жауап берді, өйткені, коммерциялық негізде көб жағдайларда жоғары білікті мамандар жұмыс істейді, бірақ олар өздерін қосымша жұмыспен жүктегісі келмейді, сондықтан осындай төмен пайыз көрсеткішін көрсетіп тұр (19- сурет).






20-сурет – Мейіргерлердің Интернет арқылы жұмыс туралы ақпарат алуға деген ниеті туралы салыстырмалы гистограмма, %.

«Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты (бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер, ұсыныстар, хаттамалар, алгоритмдер) Интернет арқылы алғыңыз келеді ме?»-оң жауаптардың орташа көрсеткіші 91,68% (Ср.АП 39,0,  $p=0,021$ ) мейіргерлердің басым көпшілігі «Иә» деп жауап берді. Диспансерде/перинаталдық орталықта барлығы оң жауап берді, бір мейіргерден басқа 97,92% (48 - ден 47), ауруханада / госпитальда - 94,29% (70-тен 66), ғылыми және медициналық орталықтардан бір мейіргер жауап беруге қиналды, «Иә» жауабы тиісінше 93,75% (16-дан 15) және 93,33% (15-тен 14) құрады. Оң жауаптардың ең аз саны емханада анықталды-79,10% (67 мейіргерің 53-і) (20-сурет).


Емхана мейіргерлерінің оң жауаптардың аз санын беруінің себебі протокол, бұйрықтармен жұмыс істейтіндіктен қатаң шектелген болуы мүмкін. Алайда, дәлелді ақпаратқа негізделген ақпаратты оңай әрі тез табу жолы интернет желісі болып табылады. Осыған орай, интернет-ресурстар қажатты пайдалану жолдарын көрсете алатын құрал екенін түсіндіру қажет. Емханалардың мейіргерлері ақпарат алуға нашар қызығушылық таныту есебінен, олар аз дәрежеде ақпараттандырылып, өз тәжірибесінде басқа мейіргерлерге қарағанда жиі қателіктер жіберуі мүмкін.



21-сурет – [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайтын пайдалану туралы мәліметтердің салыстырмалы гистограммасы, %.

«[www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайтын қолданасыз ба?» - деген сұраққа жауаптар қызықты болды. Медициналық орталық пен аурухана/госпиталь мейіргерлерінің төрттен бірінен астамы оң жауап берді – сәйкесінше 26,67% (15-тен 4) және 25,71% (70-тен 18). Емхана мен диспансер/перинаталдық орталық мейіргерлерінің 10% – дан астамы «Иә» деп жауап берді-сәйкесінше 10,45% (67-ден 7) және 10,42% (48-ден 5). Ғылыми орталықтың мейіргерлерінің арасында оң жауап болған жоқ, оң жауаптардың орташа көрсеткіші 14,65% (Ср.АП 6,8,  $p=0,011$ ) (21-сурет).


Бұл сайтқа деген төмен қызығушылықтың себебі: [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты қысқа уақыт қана жұмыс істеп келеді (тек 2 жыл) және бұл мейіргерлерге арналған Ұлттық интернет-ресурс туралы мамандардың аз хабардар болуы. Шамасы, көптеген мейіргерлер [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты туралы ақпарат білмейді.



22-сурет – Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екендігін білетіндігі туралы салыстырмалы гистограммасы, %.

«Сіз Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін білесіз бе?» - деген сұраққа оң жауаптардың ең аз саны емханалардың мейіргерлерінен 41,79% (67 сұралғандардың 28 - і) және аурухана/ госпитальдан - 45,71% (70 сұралғандардың 32-сі) алынды. «Иә» деп ғылыми орталық мейіргерлерінің жартысы жауап берді - 50,00% (16 - дан 8 ө і), 60,00% оң жауаптар медициналық орталықтың мейіргерлерінен алынды - 60,00% (15-тен 9-ы), ал ең көп саны - диспансер/перинаталдық орталықта-68,75% (48 сұралғандардың 33-і.), оң жауаптардың орташа көрсеткіші 53,25% (Ср.АП 22,0, p=0,135) (22-сурет).


«[www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты қолданаңыз ба?» және «Сіз Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін білесіз бе?» - деген сайт туралы екі сұрақтың нәтижелерін талдау кезінде диссонанс туып тұр. Яғни, орталықтың бар екенін 50%-дан астам мейіргер білетін болса, ал [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты көп мейіргерлер білмейді. Нәтижелерге сүйене отырып, осы уақытқа дейін респонденттерде орталық қандай да бір онлайн ресурссыз өмір сүре алады деген пікір бар. Бұл сауалнамада 46-50 жастағы мейіргерлер негізгі белсенділікті көрсеткеніне байланысты болуы да мүмкін (4-сурет). Тиісінше, олардың санасында орталық бұл онлайн ресурс деген пікір әлі бекітілген жоқ. Бірақ жас ұрпақ қазірдің өзінде біледі, бірақ олардың саны біздің респонденттердің арасында аз болды.



23-сурет – Жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды пайдалану туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.

Келесі «Жұмыста даулы мәселелер туындаған жағдайда медициналық сайттарды жиі пайдаланасыз ба?» - оң жауаптардың орташа көрсеткіші 42,82% (Ср.АП 18,8,  $p=0,102$ ), оң жауаптардың жартысынан көбі аурухана/госпиталь мейіргерлерінен ғана алынды - 52,86% (сұралғандардың 70-інің 37-сі). Ғылыми орталықта «Иә» жауаптары - 43,75% (16-дан 7), диспансерде/перинаталдық орталықта - 41,67% (48-ден 20), Медициналық орталықта-40,00% (15-тен 6) құрады. Оң жауаптардың ең аз саны емханалардың мейіргерлерінен 35,82% (сұралғандардың 67-нің 24-і) алынды (23- сурет).


Бұл сұрақ даулы мәселелер кезінде сыртқы ақпарат көздерін қаншалықты жиі қолданатындығын анықтау үшін қойылды. Бұдан шығатыны, мейіргерлер арасында даулы мәселелер туралы қате пікір әлі де бар. Даулы мәселелер - бұл жанжалды жағдайлар. Жанжал жағдайлары - мейіргер тез шешім табуы керек күрделі клиникалық жағдай. Интернеттегі ресурс арқылы жылдам шешім табу оңай болып табылады. Шет елдік мейіргерлерге арналған сайттардың көбісі клиникалық мейіргерлерге бағытталған. Біздің отандық сайттар да шет елдік сайттарға сілтеме береді, осыған байланысты емхана мейіргерлері даулы мәселелер туындағанда интернет ресурстарға қызығушылық танытпайды. Екінші мәселе, мұндай жауап Қазақстанда емхана жұмысы регламенттелгендіктен туындауы мүмкін (бұйрықтар, нормативтік актілер). Даулы мәселелердің туындауы өте төмен. Дегенмен, мейіргердің осы немесе басқа қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайтында орналастырылған.



24-сурет – Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан ақпаратты пайдалану туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.

«Сіз есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан ақпаратты пайдаландыңыз ба?» - деген сұраққа жұмыс орнына байланысты әркелкі жауаптар тіркелді. Оң жауаптардың орташа көрсеткіші 62,32% (Ср.АП 23,6,  $p=0,001$ ). Ғылыми орталықтың мейіргерлерінің басым көпшілігі оң жауап берді 87,50 % (16 сұралғандардың 14 - і), ал емханалардың мейіргерлері арасында мұндай жауаптардың үлесі үштен бір бөлігін құрады-35,82% (67 жауаптың 24-і). Медициналық орталықта «Иә» жауаптары 73,33% (15-тен 11-і), ауруханада/госпитальда - 62,86% (70-тен 44-і) және диспансерде/перинаталдық орталықта - 52,08% (48 сұралғандардың 25-і) құрады (24- сурет).


Біріншіден, есептер олар бұйрықтармен қатаң регламенттелген болып табылады. Екіншіден, дайын үлгілер берілген, электрондық денсаулық сақтау дамыған. Сәйкесінше олар медициналық сайттардан қосымша ақпаратты іздеу қажет емес деп санауы мүмкін, дегенмен кез-келген тенденцияның өзгеруін талдай білу үшін, көрсеткіштер динамикасында олардың қалай өзгертінін және олар не туралы сөйлейдігін бақылап отыру қажет.



25-сурет – Мейіргерлік арнайы сайттарды бағдарлау туралы деректердің салыстырмалы гисторгаммасы, %.

Әрі қарай «Сізге мейіргерлік арнайы сайттарды бағдарлау оңай ма?» сұрағының жауаптары талданды. Оң жауаптардың орташа көрсеткіші 42,02% (Ср.АП 19,4,  $p=0,308$ ). Бұл диспансер/перинаталды орталық және медициналық орталықтың мейіргерлері үшін қиын болатынын көруге болады, сәйкесінше 31,25% (48 сұралғандардың 15-і) және 33,33% (15-тен 5-і) «Иә» деп жауап берді. Мейіргерлерге арналған сайттарды оңай бағдарлай аламыз деп аурухана/госпитальдің мейіргерлері 60,00% оң жауап берді (70 мейіргердің 42-сі), (25- сурет).


Медициналық орталықтар көбінесе жеке меншік болып табылады, сондықтан олар бұл қызметті іс жүзінде пайдаланбауы, мейіргерлік сайттарды бағдарлау дағдылары нашар дамығандығын көрсетуі мүмкін. Ғылыми орталықтар бұл сұраққа тек отандық сайттармен ғана емес, сонымен қатар шетелдік, соның ішінде ағылшын тілділерімен де жұмыс істеу керек екендігіне байланысты мұқият жауап берген. Тілдік кедергі сайттан қажетті ақпаратты табуда қиындық туғызуы мүмкін. Ал емхана мейіргерлерінің төмен оң жауабы, жұмыстың қатаң регламенттелген болуына байланысты болуы мүмкін.



26-сурет – Сайттардағы қажетті ақпаратты іздеу уақыты туралы мәліметтердің салыстырмалы гистограммасы, %.

«Сізге қажет ақпаратты сайттардан ұзақ уақыт іздейсіз бе?» - деген сұраққа диспансердің/перинаталдық орталықтың мейіргерлерінен оң жауаптардың ең аз саны алынды - 37,50% (48 - ден 18), одан кейін емхана және аурухана/госпиталь мейіргерлері-38,81% (67-ден 26) және 41,43% (70-тен 29) оң жауап алды. Оң жауаптардың жартысы ғылыми орталықтың - 50,00% (16-дан 8) және медициналық орталықтың 46,67% (15-тен 7) мейіргерлерінен алынды, оң жауаптардың орташа көрсеткіші 42,88% (Ср.АП 17,6,  $p=0,597$ ) (26- сурет).

Ғылыми орталықтардың мейіргерлері оң жауаптардың жоғары пайызын берді. Бұл олардың көп жағдайда зерттеуге тартылатындығын көрсетеді. Ал зерттеулер дегеніміз ол, ең алдымен инновация, жаңа нәрсе. Жаңа нәрсені жақын жерден бірден іздеп табу мүмкін емес, оны Интернеттен талдай отырып іздеу керек, сондықтан ғылыми орталықтардың мейіргерлері жоғары пайыз береді. Ал медициналық орталықтар, ең алдымен, олар жеке болып табылады және оларға Интернет кеңінен қол жетімді. Екіншіден, олар қалалық немесе мемлекеттік ауруханалармен салыстырғанда бос уақыты көп болып табылады және іздеуге көбірек уақыт бөле алады. Соңғы уақытта денсаулық сақтау жүйесі медициналық ұйымдардағы процестерді нақты реттегенін ескере отырып, емханалар, ауруханалар, госпитальдар, диспансерлер, перинаталды орталықтар оң жауаптардың төмен пайызын берді. Өйткені оларда дайын алгоритмдер бар және сол арқылы жұмыс жасайды.




27-сурет – Сайттардағы ақпаратты түсіну жеңілдігі туралы деректердің салыстырмалы гистограммасы, %.

«Сізге сайттардан тапқан ақпаратты түсіну оңай ма?» сұрағына ең аз «Иә» деп жауап берген емханалардың мейіргерлері – 55,22% (сұралғандардың 67-нің 37-сі). Ал түсіну оңай деп ең көп пайызды көрсеткен аурухана/госпиталь мейіргерлері -74,29% (сауалнамаға қатысқандардың 52-сі), оң жауаптардың орташа көрсеткіші 62,99% (Ср.АІР 27,6,  $p=0,103$ ). (27- сурет).

Сауалнама барысында ақпаратты іздеу процесінде қиындықтар туатындығы немесе іздеуге көп уақыт жұмсалғанына қарамастан, олар қажетті ақпаратты тапқан кезде, оңай түсінеді және, тиісінше, іс жүзінде қолдана алады.






28-сурет – Интернет-ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелділік деңгейін бағалау қабілетінің салыстырмалы гистограммасы,%.

«Сіз Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелділік деңгейін бағалай аласыз ба?» - деген сұраққа болжам бойынша, оң жауаптардың орташа көрсеткіші 33,99% (Ср.АПР 13,6,  $p=0,153$ ), оң жауаптардың көпшілігі ғылыми орталықтың мейіргерлерінен алынған - 62,50% (16 жауаптың 10-ы). Медициналық орталық және аурухана/госпитальдің мейіргерлерінің үштен бірі тиісінше «Иә» деп жауап берді 33,33% (15-тен 5) және 32,86% (70-тен 23). Оң жауаптардың ең аз саны емхана мен диспансер/перинаталдық орталықтың сұралған қызметкерлерінен алынды - тиісінше 28,36% (67-ден 19) және 22,92% (48-ден 11), (28- сурет).

Ғылыми орталықтың мейіргерлері оң жауаптардың үлкен пайызын берді. Себебі олар ғылыми зерттеулерге қатысады. Сауалнамаға нәтижесі бойынша, дәлелді мейіргерлік тәжірибені оқымай колледж бітірген егде жастағы мейіргерлердің үлкен пайызы қатысты. Тиісінше, олар дәлелдеу әдіснамасымен байланыста болуы керек. Ұйымның барлық басқа түрлері әлсіз дайындыққа ие (4- сурет).




29-сурет – Интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын тәжірибеде пайдаланудың салыстырмалы гистограммасы, %.

«Тәжірибеңізде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын жиі қолданасыз ба?»: оң жауаптардың көпшілігі ғылыми орталықтың мейіргерлерінен алынды – 50,00% (сұралғандардың 16-дан 8-і). Одан кейін «Иә» жауаптары аурухана/госпиталь және медициналық орталық мейіргерлеріне тиесілі болды сәйкесінше 42,86% (70 - тен 30) және 40,00% (15-тен 6) құрады. Диспансердің/перинаталдық орталықтың және емхананың мейіргерлерінен оң жауаптардың ең аз саны алынды – тиісінше 18,75% (48-ден 9) және 16,42% (67-ден 11), оң жауаптардың орташа көрсеткіші 33,61% (Ср.АПР 12,8,  $p=0,002$ )(29- сурет).

Осылайша, мейіргерлердің тәжірибелік қызметінде онлайн-ресурстарды ең аз пайдалануы емхана мейіргерлері арасында анықталды, 4- кесте ( $p \leq 0,05$ ).

### 3.3 Тәжірибедегі мейіргерлер құзіреттілігін арттыруда онлайн ресурстарды қолдану алгоритмі

Зерттеу нәтижелері негізінде мейіргерлер құзіреттілігін арттыруға ықпал ететін, онлайн ресурстарды қолдануға арналған алгоритм жасалды:



30-сурет – Тәжірибедегі мейіргерлер құзіреттілігін арттыруда онлайн ресурстарды қолдану алгоритмі.

## НӘТИЖЕСІ

Еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі медициналық қызметтер мен денсаулық сақтау жүйесінің сапасын жақсарту болып табылады. Әлемдік тәжірибеде Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі мен медициналық қызметтердің сапасы медицина қызметкерлерінің дайындық деңгейіне байланысты. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасының бағыттарының бірі медициналық білім беруді жаңғырту болып табылады. Бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласының кадрлық ресурстарын дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын әзірледі, оның мақсаты - денсаулық сақтаудың сапалы қызметтерін ұсынуды қамтамасыз ететін саланың тиімді кадр саясатын қалыптастыру болып табылады. Осы тұжырымдаманың негізгі міндеттері: жоспарлауды, штат санын және кадрлар құрылымын оңтайландыру; кадрларды даярлауды және үздіксіз кәсіби дамытуды жетілдіру; денсаулық сақтаудың адами ресурстарын тиімді басқару болып табылады. 2010-2022 жылдар аралығында жұмыс күшіне Денсаулық сақтау саласында 5 миллионнан астам жұмыс орны қосылады деп күтілуде. Науқастардың қауіпсіздігін арттырудан бастап телемедицинаны кеңінен енгізуге дейін денсаулық сақтау нарығында жаңа рөлдер мен жаңа дағдыларға жоғары сұраныс пайда болады [84]. Еңбек нарығының қазіргі заманғы үрдістері және әлемдік білім берудің даму деңгейі денсаулық сақтау маманын даярлауға барынша жоғары талаптар қояды. Отандық денсаулық сақтау жүйесі үшін өзекті мәселелердің бірі саланы қажетті кәсіби құзыреттері бар кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады [85]. Қазақстанда кәсіптік білім беруді жаңғырту көбінесе ғылыми-әдіснамалық тәсілдерді ескере отырып, тәжірибеге бағытталған оқытуға көшуді көздейтін, экономикалық жағдайдың өзгеруі мен еңбек нарығының талаптарын ескеретін жаңа білім беру бағдарламаларын енгізумен байланысты [86]. Бұл үрдіс тәжірибелік денсаулық сақтау қажеттіліктерін терең зерделеуді және қоғамдық денсаулық сақтау қызметтерінің мамандары мен жаңа буын жетекшілерін оқытуды жетілдіру үшін басқарушылық кадрлық ресурстар мәселелерін бағалауды көздейді. Құзіреттілік тәсілі негізінде және тәжірибелік денсаулық сақтау сұранысы мен әлемдік үрдістерді ескере отырып, білім беру процесін жетілдіру және дипломнан кейінгі білім беру бағдарламаларын жаңғырту мейіргерлерді даярлаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Тәжірибедегі мейіргерлердің мамандандырылған онлайн ресурстарды пайдалануын зерделеуде Қазақстан Республикасының әртүрлі қалаларында жұмыс істейтін 220 мейіргерден сауалнама алынды: Петропавл қ. - 65,00%; және Нұр-Сұлтан қ. - 30,91%, Шымкент қ. - 1,8%, Талғар қ., Булаево қ., Балқаш қ. - 0,45% дан. Респонденттердің басым бөлігін әйел кісілер құрады – 91,82%, сұралғандардың орташа жасы 39,29±3,61 жас. Сұралғандардың ең көп саны

(19,55%) 46-50 жас санатында болды. Білім деңгейі бойынша - сұралғандардың ең көп санын медициналық колледж түлектері - 40,45% және медициналық училище - 35,91% құрады. Респонденттер жұмыс орындары бойынша келесідей бөлінді: сұралғандардың 2/3 астамы ауруханада/ госпитальда - 31,82% және емханада - 30,45% (тиісінше 70 және 67 адам) жұмыс істеді, диспансерде/перинаталдық орталықта жұмыс істейтіндердің саны 21,82% (48 сұралғандар) құрады. Мейіргерлердің іс жүзінде теңдей саны жұмыс орнын - ғылыми орталық (7,27%) және медициналық орталық - 6,82% (тиісінше 16 және 15 адам) деп көрсетті. Жеке медициналық орталықта 2 респондент (0,91%) және ФАП және медициналық пунктте бір респонденттен (0,45%) жұмыс істейді.

Тәжірибедегі мейіргерлердің қатысуымен жүргізілген зерттеу барысында өз тәжірибесінің сапасын арттыру мақсатында озық ақпарат алу қажеттілігі анықталды. Мамандандырылған онлайн ресурстарды қолдану мәселелері бойынша мейіргерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау, сұралғандардың басым көпшілігі интернетті жұмысы бойынша ақпаратты іздеу үшін пайдаланатынын көрсеткен – 90,00% (198 адам). 77,27% (170 респондент) мейіргерлерге арналған арнайы сайттар бар екенін біледі, ал 60,91% (134 мейіргер) мейіргерлік сайттардан алынған ақпаратты өз жұмысы үшін пайдаланады. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі әлеуметтік желілерді (Instagram, Telegram, Facebook және т.б.) басқа мейіргерлермен (70,45%, 155 адам) сөйлесу үшін пайдаланады, 43,64 % (96 респондент) Қазақстанның басқа аймақтарындағы және басқа елдердегі мейіргерлермен, дәрігерлермен хат алмасып, қашықтықтан сөйлеседі. Мейіргерлер Facebook, Instagram, Telegram, Facebook сияқты әлеуметтік желілерді өзінің медициналық ұйымындағы әріптестерімен қарым-қатынас жасау үшін ғана қолданатындығын көрсетті бұл, әрине, мейіргерлер арасындағы өзара әрекеттесу сапасын айтарлықтай төмендетеді. Себебі бір клиниканың тәжірибесі басқа клиниканың тәжірибесінен өзгеше болуы мүмкін және оң тәжірибе алмасу мүмкіндігі болмай қалады. Тек әлеуметтік желілер арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларының болуы, мейіргердің кәсіби өсуі үшін оң әсерін тигізбейді. Сонымен қатар, респонденттерде мейіргер ісінің белсенділігі туралы ақпарат алуға қызығушылық жоғары. Сұралған мейіргерлер Мейіргер Ісін Жетілдірумен айналысатын ұйымның бар екендігі туралы хабардар екендігі анықталды, алайда осы ұйымның мейіргерлік тәжірибені дамытуға және жетілдіруге ықпал ететін ақпараттық ресурс ретінде сайтының болуымен таныс емес.

Сұралғандардың басым көпшілігі 199 мейіргер 90,45% Интернет желісін кәсіби мақсатта пайдалану мүмкіндігі туралы ақпаратты (бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер, ұсыныстар, хаттамалар, алгоритмдер) одан әрі алуға қызығушылық танытты. Сауалнамаға қатысқандардың жартысы Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығының бар екенін біледі 50,45% (111 мейіргер), [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты тек 15,91% пайдаланады (35 респондент). Жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды жиі қолданады 44,09% (97 сұралғандар). Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде

медициналық сайттардан алынған ақпаратты пайдаланды 54,55% (120 мейіргер). Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (48,18%, 106 респондент) мейіргерлік сайттарды оңай бағдарлайды. 41,36% (91 адам) мейіргерлер қажетті ақпараттарды сайттардан ұзақ уақыт бойы іздейді, ал 64,55% (142 респондент) мамандандырылған сайттардан тапқан ақпаратты оңай түсінеді. Интернеттегі медициналық мақалалардың дәлелділік деңгейі респонденттердің үштен бір бөлігін ғана бағалай алады 32,27% (71 адам), тиісінше (30,45%, 67 респондент) мейіргерлер ғана өз тәжірибесінде интернет-ресурстардан дәлелді медицина базасын пайдаланады. Зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау мейіргерлердің жұмыс орнына байланысты олардың тәжірибелік қызметінде онлайн ресурстарды қолдануын зерттеу мақсатында жүргізілді. Ғылыми орталықтың мейіргерлерінің арасында респонденттердің 100% - ы жұмыс туралы ақпаратты іздеу үшін интернетті пайдаланады, 81,25% – ы мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы біледі, олар жұмысы үшін мейіргерлік сайттарындағы ақпаратты пайдаланады-75,00%. Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан алынған ақпараттарды пайдаланады - 87,50%, бірақ олар жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды тек 43,75% пайдаланады. Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін біледі – ғылыми орталықтың мейіргерлерінің 50,00% және бірде-біреуі [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайттын пайдаланамыз деп көрсетпеген. Тең жартысы 50,00% тәжірибеде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын жиі қолданады. Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай алады 62,50% мейіргер. Медициналық орталықтың сұралған мейіргерлерінің ішінде сұралғандардың 93,33% - ы жұмыс бойынша ақпаратты іздеу үшін интернетті пайдаланады, 86,67% – ы мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы біледі, 73,33% - ы өз жұмысы үшін мейіргерлік сайттардан ақпаратты пайдаланады. Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан алынған ақпараттарды пайдаланылды – 73,33%, жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды пайдаланады 40,00%. Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін біледі – 60,00% мейіргер, [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайттын 26,67% мейіргер пайдаланады. Тәжірибеде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын қолданамыз деп тек 40,00% мейіргер көрсеткен, ал Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай алады тек 33,33% мейіргер. Аурухана/госпиталь мейіргерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижесі келесіні көрсетті, жұмыс бойынша ақпаратты іздеу үшін интернетті пайдаланады 88,57%, мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы біледі 77,14% мейіргер, өз жұмысы үшін мейіргерлік сайттардан ақпаратты пайдаланады 62,86% респондент. Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан алынған ақпараттарды пайдаланылды 62,86% мейіргер, жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды пайдаланады – 52,86% сұралғандар. Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін біледі 45,71% мейіргер, [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайттын 25,71% мейіргер пайдаланады. Тәжірибеде интернет ресурстардағы

дәлелді медицина базасын қолданамыз деп тек 42,86% мейіргер көрсеткен, ал Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай алады тек 32,86% мейіргер. Сұралған диспансер/перинаталдық орталықтың мейіргерлері 89,58%-ы жұмыс бойынша ақпаратты іздеу үшін интернетті пайдаланады, 83,33% - мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы біледі, өз жұмысы үшін мейіргерлік сайттардан ақпаратты пайдаланады – 72,92%. Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан алынған ақпараттарды пайдаланылды – 52,08%, жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды пайдаланады 41,67%. Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін біледі – 68,75% мейіргер, [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты 10,42% пайдаланады. Тәжірибеде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын қолданамыз деп өте аз мейіргерлер саны 18,75% белгілеген, және Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай аламыз деп тек 22,92% мейіргер көрсеткен. Емхана мейіргерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижесі келесіні көрсетті, жұмыс бойынша ақпаратты іздеу үшін интернетті пайдаланады 88,06%, мейіргерлерге арналған арнайы сайттар туралы біледі 68,66% сұралғандар, өз жұмысы үшін мейіргерлік сайттардан ақпаратты пайдаланады 43,28%. Есептерді/ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан алынған ақпараттарды пайдаланылды 35,82%, ал жұмыста даулы мәселелер туындаған кезде медициналық сайттарды пайдаланады – 35,82%. Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін біледі 41,79%, [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) сайты 10,45% мейіргер пайдаланады. Тәжірибеде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын қолданамыз деп өте аз мейіргерлер саны 16,42% белгілеген, және Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай аламыз деп тек 28,36% мейіргер көрсеткен. Осылайша, мейіргерлердің тәжірибелік қызметінде онлайн-ресурстарды ең аз пайдалануы емхана мейіргерлері арасында анықталды ( $p \leq 0,05$ ). Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (48,18%, 106 респондент) мейіргерлік сайттарды оңай бағдарлайды. Сондықтан арнайы интернет-ресурстарды пайдалану бойынша тренингтер мен семинарларды ұйымдастыру кезінде интернетті пайдалану бойынша базалық білімге аса назар аударудың қажеті жоқ. Қысқа мерзімді семинарлар мен тренингтер өткізу экономикалық тұрғыдан тиімді болады. Бұл факт жоғары мамандандырылған қысқа мерзімді семинар/тренингтен өту кезінде мейіргердің ұзақ уақыт бойы медициналық ұйымдағы өз тәжірибесінен алшақтамай жұмыс атқаруына негізделген, бұл ұйымның әкімшілік қызметкерлері үшін де, мейіргерлері үшін де ыңғайлы. Бұл жағдайда мейіргердің құзыреттілігі артады. Сондай-ақ, респонденттер мамандандырылған онлайн-ақпараттық ресурстардан ақпаратты іздеудің қиындығын атап өтті, алайда қажетті ақпаратты табу кезінде ол түсінікті түрде ұсынылғанын, оңай қабылданатынын көрсетті. Мейіргерлердің дәлелді мейіргерлік тәжірибе принциптері туралы хабардар болу дәрежесі күмән тудырады, өйткені дәлелді тәжірибе әдістерін меңгерудің арақатынасы осы процесті түсінбеушілік бағытына қарай басымдылық туғызады. Іс-шараларды



ұйымдастыру барысында дәлелді мейіргерлік тәжірибе әдістерін қолдануды ұсыну. Ғылыми орталықтарда дәлелденген мейіргерлік тәжірибені ұсыну қажет. Ал қалған медициналық ұйымдарда дәлелді мейіргерлік тәжірибенің негізгі принциптері және олардың қолданбалы мәнінен бастап үйрету қажет. Осыған байланысты емханалардың, ауруханалардың/госпитальдардың және диспансерлердің мейіргерлері үшін жұмыс туралы ақпаратты іздеу үшін интернетті пайдалануды жүзеге асыруға арналған білім беру бағдарламаларын ұйымдастыруға, ғылыми орталықтардың мейіргерлерін тарту мүмкіндігі бар, өйткені олар ең аз пайызды көрсеткішті көрсетті. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, мейіргерлер әлеуметтік желілер арқылы коммуникация технологиясын жақсы меңгерген, PR-кампанияның көмегімен мамандандырылған онлайн-ресурсты ілгерілету үшін әлеуметтік желілерді пайдалануға негіз бар. Мейіргерлердің тәжірибесін жетілдіруге көмектесетін онлайн-ресурс туралы хабардарлығын түзету бойынша қандай да бір іс-шараларды пысықтаған кезде, мейіргерлерге әрбір орталықтың онлайн ресурсы болатындығын ескерту қажет. Бізге, өз кезегімізде, емханалық мейіргерлерге, тренингтер өткізу кезінде мамандандырылған сайттарда, соның ішінде [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) мамандандырылған сайтында орналасқан нормативтік актілерді жылдам іздеуге болатындығын баса назар аударып көрсетуіміз керек. Есептілікті шешу жолын жоғарылату және мейіргерлер арасында зерттеу тиімділігін арттыру үшін онлайн-ресурстарға деген сұраныс деңгейін жоғарылатуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу қажет. Біріншіден, статистикалық ресурстарды электрондық денсаулық сақтау мен ақпараттық ресурстардан нақты ажырату. Екіншіден, сайттарды пайдалану туралы жалпы негізгі білімді таратқан жөн, ол үшін әлемдегі мейіргерлерге арналған мамандандырылған сайттарды жүйелеу және талдау қажет. Осы зерттеуге сүйене отырып, медициналық ұйымдардың мемлекеттік секторы ақпаратты қалай іздеу керектігін егжей-тегжейлі түсіндіруді қажет етпейтіні, ақпарат іздеуге аз уақыт жұмсайтындығы анықталды. Сол себепті ақпаратты іздеу бойынша қандай да бір іс-шаралар қалыптасқанда, осы мәселе бойынша мемлекеттік медициналық ұйымдардың мейіргерлерін хабардар етуге көп күш пен қаражат жұмсаудың қажеті жоқ. Ал жеке сектор үшін онлайн ресурстарды қалай қолданатындығын назар аударта түсіндіру керек. Бірақ алдымен шетелдік сайттардағы тиімді іздеу алгоритмдеріне назар аударған жөн. Егер жеке сектордың медициналық қызметкерлері тартылса, бүкіл процесті кеңінен түсіндіру керек болады, өйткені олар аз ақпарат ағымына ие. Құзіреттілік тәсілі негізінде және тәжірибелік денсаулық сақтау сұранысы мен әлемдік үрдістерді ескере отырып, білім беру процесін жетілдіру және дипломнан кейінгі білім беру бағдарламаларын жаңғырту мейіргерлерді даярлаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Мейіргер ісі саласында қол жетімді мамандандырылған онлайн-ресурстарды зерттеу барысында қол жетімді мамандандырылған ақпараттық интернет-ресурстардың 37,5%-дан аспайтын бөлігі ғана, мейіргерлік іс-саласына бағытталғандығы анықталды, бұл мейіргерлер қызметтерінің сапасын төмендету қаупіне әкеледі, өйткені қажетті ақпаратты табу қиынға соғады және мейіргерге қажетті ақпаратты табуға кеткен ресурстардың тиімділігі төмендейді; 50,45% респондент Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін біледі, 44,09% сұралған мейіргерлер [www.nursekz.com](http://www.nursekz.com) веб-сайтын пайдаланады (сп -14,65;  $p=0,011$ ).

2. Сауалнама әдістемесін пайдалана отырып, Мейіргер ісі бойынша онлайн-ресурстарды пайдаланудың таралуын бағалау кезінде мейіргер тәжірибесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін онлайн ресурстардың әлеуеті жоғары болуы мүмкін екендігі анықталды, өйткені сауалнама барысында сұралғандардың 90,00% - ы қажетті ақпаратты іздеу үшін интернет-ресурстарды пайдаланатыны анықталды (сп -91,91;  $p=0,205$ ). Бұл процесс берілген ақпаратты саналы және дәйекті игеруді, содан кейін тәжірибеде қолдана білуді және тәжірибелік дағдыларды игеруді білдіреді. 90,45% мейіргерлер интернет арқылы өз жұмыстары туралы ақпарат алғысы келеді (бұйрықтар, нұсқаулықтар, қаулылар, ұсыныстар, хаттамалар, алгоритмдер) (сп - 91,68;  $p=0,021$ ).

3. Мейіргер ісінде онлайн-ресурстарды іс жүзінде пайдаланудың салыстырмалы талдауы мейіргерлер өздерінің тәжірибелік дағдыларын арттыру мақсатында интернет-кеңістікпен өзара іс-қимыл жасау үшін дайындалғанын көрсетті, өйткені респонденттердің 77,27% - ы мейіргерлерге арналған арнайы сайттар бар екенін біледі; 60,91%(сп -65,48;  $p=0,015$ ) мейіргерлік сайттардан алынған ақпаратты өз жұмысы үшін пайдаланады; Жұмыс орнына қарамастан кәсіби қызметіне қажет ақпаратты іздеу үшін интернетті мейіргерлердің басым көпшілігі пайдаланады: ғылыми орталықта-100,00%, медициналық орталықта - 93,33%, диспансерде/перинаталдық орталықта – 89,58%, ауруханада/госпитальда - 88,57%, емханада-88,06% (сп-62,318;  $p=0,001$ ).

4. Мейіргер ісінде онлайн-ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстарды негіздеу үшін оң үрдістер мен проблемалар анықталды, олар өз кезегінде ұсыныстарды және ұсынылған алгоритмді жасауға мүмкіндік берді.

## ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Алынған нәтижелер мейіргер тәжірибесінде онлайн ресурстарды пайдалануды дамыту үшін әлеуеттің болуын және сонымен бірге тәжірибедегі мейіргерлердің онлайн ресурстарды пайдалануы бойынша кедергілердің болуын көрсетеді. Осылайша, орта медициналық буынның барабар ақпараттық қолдау жағдайында орта буын мамандарының ынтасы мен белсенділігін арттыруға, сол арқылы олардың кәсіби құзіреттілік деңгейін жақсартуға болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша мыналар ұсынылады:

– Қазақстан Республикасының мейіргерлеріне біліктілікті арттыру циклдарының тыңдаушылары үшін "Мейіргердің тәжірибелік қызметіндегі онлайн ресурстар" білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

– білім беру іс-шараларын әзірлеу кезінде мамандандырылған онлайн-ақпараттық ресурстарды іздеу мен пайдаланудың артықшылықтарына ерекше назар аудару қажет, өйткені мейіргерлер онлайн-ресурстан алынған ақпаратты оңай бейімдейді; мейіргерлерге интернет-ресурстар арқылы өзінің кәсіби қызметінде қажетті ақпаратты қалай пайдалану және қалай табу керектігін жеткізу тетіктерін әзірлеу;

–стейкхолдерлерді/мүдделі тұлғаларды/мейіргерлерді мамандандырылған онлайн ресурстардың болуы және оларды жеке тәжірибенің тиімділігін арттыру мақсатында пайдалану туралы хабардар ету жөніндегі "PR-кампания" қағидатын енгізу; nursekz.com сайттың мазмұны туралы мейіргерлер ассосациясы арқылы, басқа кәсіби арналар арқылы хабардар ету кампаниясын жүргізу қажет ;

–мүдделі тараптарды (ҚР ДСМ, медициналық ұйымның әкімшілігі, кәсіби қоғамдық бірлестіктер, науқасқа бағдарланған ұйымдар) тарта отырып, Мейіргер ісі тәжірибесінде тиімді шешім қабылдау үшін онлайн ресурстарды пайдалана отырып коммуникация процесін әзірлеу.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кашафутдинова Г.Т., Байсугурова В. Ю. Современное состояние сестринского дела в развитых странах: расширение сестринской практики //Научно-практический журнал «Вестник КазНМУ» - 2018.- №1. - С.303-306. – ISSN 9965-01-300-4.
2. Свистунов А.А., Шубина Л.Б., Грибков Д.М. Врач в роли медсестры//Медицинская сестра.-2017.-№5.-С. 36-37.
3. Bassell K. Social media and the implications for nursing faculty mentoring: A review of the literature. *Teaching and Learning in Nursing*. 2010; 5:143-8.
4. Billings DM, Kowalski K, Briston T. Twitter: Consider the use for continuing nursing education. *J Continuing Ed in Nursing*. 2010; 41,5:199-200.)
5. Всемирный библиотечный и информационный конгресс: 78-я Генеральная конференция и Ассамблея ИФЛА состоялась в г. Хельсинки, Финляндия.
6. *Egberongbe, H.S.(2011).The Use and Impact of Electronic Resources at the University of Lagos.*  
<https://digitalcommons.unl.edu/libphilprac/472/>
7. Дрешер Ю.Н. Информационное обеспечение ученых и специалистов: учеб.-метод. пособие. СПб. : Профессия, — 2008. — 464 с.  
<https://clck.ru/TipGq>
8. WHO guideline: recommendations on digital interventions for health system strengthening. Geneva: World Health Organization; 2019  
<https://www.who.int/publications/i/item/9789241550505>
9. Draft global strategy on digital health 2020–2024. Geneva: World Health Organization; 2019  
[https://www.who.int/docs/default-source/documents/g4dh.pdf?sfvrsn=cd577e23\\_2](https://www.who.int/docs/default-source/documents/g4dh.pdf?sfvrsn=cd577e23_2)
10. Maalouf N, Sidaoui A, Elhajj IH, Asmar D. Robotics in nursing: a scoping review. *Journal of Nursing Scholarship*. 2018;50:590–600. doi:10.1111/jnu.12424.  
<https://sigmapubs.onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/jnu.12424>
11. Topol E. The Topol review: preparing the healthcare workforce to deliver the digital future. Leeds, United Kingdom: NHS, Health Education England; 2019.  
<https://topol.hee.nhs.uk/>
12. Anand Y. Kenchakkanavar«Types of e-resources and its utilities» (2014)  
[https://www.researchgate.net/publication/268508509\\_Types\\_of\\_E-Resources\\_and\\_its\\_utilities\\_in\\_Library](https://www.researchgate.net/publication/268508509_Types_of_E-Resources_and_its_utilities_in_Library)
13. Frisch NC, Borycki EM, Mickelson G, Atherton P, Novak-Lauscher H, Hooker D, Ho K. Use of social 32 media and web 2.0 technologies to increase knowledge and skills of British Columbia nurses. InNI 2012: 11th International Congress on Nursing Informatics, June 23-27, 2012, Montreal, Canada. (Vol. 2012). American Medical Informatics Association  
<https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC3799184/>
14. Stevens KR. The impact of evidence-based practice in nursing and the next big ideas. *Online J Issues Nurs*. 2013 May 31;18(2):4.

<https://clck.ru/Tiui2>

15. Neimann T, Wang VX. Harnessing the Tiger of Emerging E-Learning Platforms. In: Handbook of Research on Program Development and Assessment Methodologies in K-20 Education 2018 (pp. 147- 170). IGI Global.

<https://www.igi-global.com/gateway/chapter/191663>

16. Du Z, Fu X, Zhao C, Liu Q, Liu T. Interactive and collaborative e-learning platform with integrated social software and learning management system. In: Proceedings of the 2012 International Conference on Information Technology and Software Engineering 2013 (pp. 11-18). Springer, Berlin, Heidelberg.

<https://clck.ru/TiwAA>

17. Ulrich CM, Wallen GR, Cui N, Chittams J, Sweet M, Plemmons D. Establishing good collaborative research practices in the responsible conduct of research in nursing science. Nursing outlook. 2015 Mar 1;63(2):171-80

<https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC4697884/>

18. Weng YH, Kuo KN, Yang CY, Lo HL, Shih YH, Chen C, Chiu YW. Increasing utilization of Internetbased resources following efforts to promote evidence-based medicine: a national study in Taiwan. BMC medical informatics and decision making. 2013 Dec;13(1):4. 7

<https://bmcmedinformdecismak.biomedcentral.com/articles/10.1186/1472-6947-13-4>

19. Путеводитель по медицинским ресурсам Интернета / Ульяновский гос. университет, Науч. б-ка УлГУ; сост. Т.П. Григорьева; ред. Е.В. Куракова [Электронный ресурс]. Ульяновск, УлГУ, — 2010.

URL: [http://lib.ulsu.ru/downloads/med\\_internet.pdf](http://lib.ulsu.ru/downloads/med_internet.pdf)

20. Интернет для медицинских работников : пропедевтический курс для Интернет-консультантов. Ч. 2. Поиск медицинской информации в Интернет / под ред. А.В. Мартынихина; Институт «Открытое общество», С.-Петербург. отд-е; СПбГМУ им. акад. И.П. Павлова. СПб, — 2000. — 27 с.

[http://window.edu.ru/resource/975/23975/files/internet\\_medic1.pdf](http://window.edu.ru/resource/975/23975/files/internet_medic1.pdf)

21. M.D. McHugh, L.H. Aiken, M.E.Eckenhoff, L.R. Burns Achieving Kaiser Permanente quality *Health Care Manage Rev*, 41 (3) (2016), pp. 178-188

<https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC4892964/>

22. Professional Development Strategies to Enhance Nurses' Knowledge and Maintain Safe Practice, Susan L.BindonDNP, RN-BC, CNE 2017

<https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/28755675/>

23. Australian Commission on Safety and Quality in Healthcare, 2017; Pham et al., 2012

<https://www.safetyandquality.gov.au/sites/default/files/migrated/National-Safety-and-Quality-Health-Service-Standards-second-edition.pdf>

24. Duffy S, de Kock S, Misso K, Noake C, Ross J, Stirk L. Supplementary searches of PubMed to improve currency of MEDLINE and MEDLINE In-Process searches via Ovid. J Med Libr Assoc. 2016; 104(4): 309–12. PMID: 27822154 DOI: 10.3163/1536-5050.104.4.011

25. Афанасьев В.В., Куницына С.М., Лебедев В.В., Расташанская Т.В., Табаровская К.А. Отечественный и зарубежный опыт персонализации в

системе дополнительного профессионального образования // Международный научно-исследовательский журнал. — 2016. — № 9-4 (51). — С. 47-52.

<https://research-journal.org/wp-content/uploads/2016/09/9-4-51.pdf>

26. Бабалич В. А. Современный подход к внедрению идей здорового образа жизни будущими медицинскими работниками // Педагогика формирования творческой личности в высшей и общеобразовательной школах. — 2015. — Вып. 40. — С. 43-50.

27. Хетагурова, А.К. Профессиональное развитие как важнейшая функция управления персоналом в медицинских учреждениях // А.К. Хетагурова, Н.А. Соловьева, О.П. Халуева // Сестринское дело. — 2013. — № 1. — С. 3-5.

28. Зимняя И.А. Компетентностный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблемам образования? // Высшее образование сегодня. — 2006. — №8. — С.20-26.

29. Шульгина И.В. Реализация компетентностного подхода в непрерывном медицинском образовании // Экспериментальные и теоретические исследования в современной науке: проблемы, пути решения: материалы XVI Всероссийской научно-практической конференции (Ростов-на-Дону, 26 ноября 2018 г.). Издательство: Южный университет (ИУБиП) (Ростов-на-Дону), — 2018. — С. 259-262.

30. Акмеология. Учебник /под общ. ред. Деркача А.А. — М.: РАГС, 2002. — 650с

<https://clck.ru/F8ZZe>

31. Романцов, М.Г. Дидактика и компетентность в профессиональной деятельности преподавателя медицинского вуза и колледжа // под ред. М.Г. Романцова, М.Ю. Ледванова, Т.В. Сологуб. - М., — 2010.

32. Байгожина З. А. Повышение квалификации медицинского работника среднего звена на основе компетентностного подхода для непрерывного роста качества их деятельности // Докл. Казахской акад. обр. — 2009. — № 3. — С. 173.

33. Слостенин, Виталий Александрович. Педагогика : учебное пособие для вузов по педагогическим специальностям / В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В. А. Слостенина; Международная академия наук педагогического образования. — Москва: Academia, 2004 . — 567 с. — (Высшее профессиональное образование). - ISBN 5-7695-1943-6.

<https://clck.ru/GP4y6>

34. Галяутдинова, И.Р. Совершенствование методов организации и управления повышения качества профессионального образования медсестер в первичном звене здравоохранения // Молодой ученый. — 2014. — №5. — С. 138-140

<https://moluch.ru/archive/64/10227/>

35. Зеер Э. Ф. Компетентностный подход как фактор реализации инновационного образования / Э. Ф. Зеер, Э. Э. Сыманюк // Инновационные проекты и программы в образовании. - 2012. - № 4. - С. 8-13.

[https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/31001/1/edscience\\_2011\\_08\\_002.pdf](https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/31001/1/edscience_2011_08_002.pdf)

36. Маркова А. К. Психология профессионализма. Москва: Международный гуманитарный фонд «Знание», — 1996. — 308 с.  
<https://www.twirpx.com/file/144730/>
37. Радзиевская И. В. Формирование профессиональной компетентности медицинских сестер // Проблемы образования. — 2008. — №57. — С. 69-73.
38. Гершунский Б. С. Концепция самореализации личности в системе образования ценностей и релей образования // Педагогика. — 2003. — №10. — С. 3–7.  
<https://clck.ru/TjZJF>
39. Шишов С. Понятие компетенции в контексте качества образования. Дайджест педагогических идей и технологий // Школа-парк. — 2002. — №3. — С. 20–21
40. Бозаджиев В.Л. Профессиональные компетенции как интегральные качества личности специалиста // Успехи современного естествознания. — 2007. — № 5. — С. 40-44.  
<https://www.natural-sciences.ru/ru/article/view?id=11094>
41. Творогова Н. Д. Психологический контакт // Сестринское дело. — 1997. — №6. — С. 24–25.
42. Засыпкина Е.В., Андриянова Е.А., Алешкина О.Ю. Социально-профессиональный статус медицинских сестер в контексте инновационных преобразований в сестринской практике // Саратовский научно-медицинский журнал. — 2011. — Т. 7. — № 2.
43. Безрукова Н.П., Коновец Л.Н. К вопросу о модернизации системы повышения квалификации среднего медицинского персонала // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2016. - № 4-1. - С. 53-56.  
<https://applied-research.ru/ru/article/view?id=8795>
44. Бахтина, И.С. Новые подходы к организации непрерывного обучения медицинских сестер / И.С. Бахтина // Главная медицинская сестра. - 2001. - № 9.
45. Безрукова Н.П., Безруков А.А., Тимиргалиева Т.К. Информационно-деятельностный подход в системе непрерывного образования // Образование через всю жизнь: Непрерывное образование в интересах устойчивого развития: Материалы 12-й Междун. конф. - СПб.: ЛГУ им. А.С. Пушкина, 2014.- Ч.1. - С. 338-341.  
[https://unecon.ru/sites/default/files/24\\_konferenciya\\_no\\_ch\\_1.\\_-lobanov\\_2014g.\\_-452s\\_rus.pdf](https://unecon.ru/sites/default/files/24_konferenciya_no_ch_1_-_lobanov_2014g._-452s_rus.pdf)
46. Светличная Т. Г., Лисишниковая Л. П. Новые роли медицинских сестер в общественном секторе здравоохранения // Медицинская помощь. — 2005. — №1. — С. 48–51.
47. Тимофеева М. П. Психологическая концепция профессионального становления и самореализации личности в высшем медицинском учреждении. URL:  
[http://www.rusnauka.com/34\\_NIEK\\_2010/Pedagogica/75369.doc.htm](http://www.rusnauka.com/34_NIEK_2010/Pedagogica/75369.doc.htm)

48. Шульгина И.В. Персонализированный подход в совершенствовании профессиональных компетенций специалистов со средним медицинским образованием в системе последипломного образования // Научное обозрение. Медицинские науки. — 2020. — № 2. — С. 57-61  
<https://science-medicine.ru/ru/article/view?id=1106>
49. William A., Vidal V.L., John P. Traditional Instruction Versus Virtual Reality Simulation: A Comparative Study of Phlebotomy Training among Nursing Students in Kuwait // Journal of Education and Practice. — 2009. — Vol.7. N.9. 2016  
<https://eric.ed.gov/?id=EJ1095814>
50. Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития: материалы XVII международной конференции / под ред. В. П. Галенко, Н. А. Лобанова. СПб., 2019.  
[https://unecon.ru/sites/default/files/sbornik\\_dokladov\\_xvii\\_mezhdunarodnoy\\_konferencii.pdf](https://unecon.ru/sites/default/files/sbornik_dokladov_xvii_mezhdunarodnoy_konferencii.pdf)
51. Минтаханова Г.Е. Педагогические основы повышения квалификации медицинских работников сестринского звена: дис.... канд. пед. наук. - Улан-Удэ. 2002. - С. 137.  
<https://clck.ru/Tjc97>
52. Баранова Н.А., Александрова М.М., Иванова Л.Ф. Постдипломное обучение: преемственность и инновационный подход // Медицинская сестра. — 2012. — № 6. — С. 14-17.
53. Борискова И. В. Формирование клинического мышления у студентов медицинского колледжа на основе их учебно-исследовательской деятельности : дисс. ... канд. пед. наук : 13.00.08. Краснодар, — 2006.  
<https://clck.ru/TjcLY>
54. Хетагурова, А.К. Самооценка исполнения ролей руководителей сестринских служб / А.К. Хетагурова, О.Б. Масленникова, М.М.Макарова // Сестринское дело. — 2007. — № 7. — С. 17-19.
55. Жукова М.В., Мочалова И.В. Управление системой повышения квалификации среднего медицинского персонала в условиях современного лечебного учреждения // В сборнике: Цивилизация знаний: российские реалии. Труды Пятнадцатой Международной научной конференции в 2-х частях. — 2014. — С. 130-133.
56. Денисова Ю.В. Образовательные стратегии персонала как фактор формирования человеческого капитала медицинской организации // Проблемы современной науки и образования. — 2018. — № 13 (133). — С. 115-119.  
<https://cyberleninka.ru/article/n/obrazovatelnye-strategii-personala-kak-faktor-formirovaniya-chelovecheskogo-kapitala-meditsinskoy-organizatsii>
57. de Castro A. B., Shapleigh E, Bruck A., Mary K. Salazar M.K., Developing Blended Online and Classroom Strategies to Deliver an Occupational Health Nursing Overview Course in a Multi-State Region in the United States. Workplace Health & Safety. — 2015. — vol. 63, no. 3. — pp. 121-126.  
<https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/2165079915576919>

58. Хетагурова А.К., Панова Л.Д. Проблемы подготовки среднего медицинского персонала в условиях реализации компетентного подхода // Сестринское дело. - 2014. - №1. - С.3-7.
59. Гафарова Н. В. Роль личностных характеристик в формировании синдрома эмоционального выгорания у среднего медицинского персонала // Проблемы образования, науки и культуры. — 2008. — №6. [http://proceedings.usu.ru/?base=mag/0060\(03\\_24\\_2008\)&xsl=showArticle.xslt&id=a06&doc/content.jsp](http://proceedings.usu.ru/?base=mag/0060(03_24_2008)&xsl=showArticle.xslt&id=a06&doc/content.jsp).
60. Краснова, С.А. К вопросу о проблемах повышения квалификации среднего медицинского персонала / С.А. Краснова // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. - 2010. - № 4(14). - С. 333-335.
61. Порох, Л.И. Система повышения квалификации в представлениях среднего медицинского персонала / Л.И. Порох // Фундаментальные исследования. - 2014. - № 4. - С. 338-342. <https://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=33840>
62. Андриянова Е.А., Алекшина О.Ю., Порох Л.И. Динамика социального статуса системы повышения квалификации среднего медицинского образования (на материалах интервью) // Саратовский научно-медицинский журнал. — 2012. — Т. 8. № 1. [http://www.ssmj.ru/system/files/201201\\_023-027.pdf](http://www.ssmj.ru/system/files/201201_023-027.pdf)
63. Buttler I. International partnership in nursing. A summer institute for indigenous health and well-being in a global context // Роль высшего сестринского образования в совершенствовании деятельности медицинских сестер: Сборник материалов научно-практической конференции с международным участием. - Якутск, 2013. - С.10-21.
64. Кравченко А. Формирование профессиональной этики будущих медицинских сестер: американский опыт // Профессиональная педагогика. — 2012. — Вып. 1. — С. 82-87.
65. Лебедева И.В., Каспрук Л.И. Модернизация сестринского медицинского образования в условиях реструктуризации здравоохранения России. Оренбург: Изд-во ОрГМА, — 2011.
66. Андреева Н. В. Какой должна быть медсестра? // Сестринское дело. — 2005. — №5. — С. 18–20.
67. Инновационные технологии в последиplomной подготовке / Н. А. Зозулина, Е. А Рутенбург, И. А Петровская, О. Ф. Ознобихина // Сестринское дело. - 2012. - № 8. - С. 20 - 22.
68. McCorkle R., Ercolano E., Izenby M., Schulman D. Green Self-management enabling and empowering patients living with cancer as chronic illness // Cancer J.Clin. - 2011. - vol.61. - p.50-62. <https://nyuscholars.nyu.edu/en/publications/self-management-enabling-and-empowering-patients-living-with-canc>
69. Королева И.П., Туркина Н.В., Хашабаева В.Г. Профессия - Медицинская сестра // Медицинская сестра. - 2013. - №2. - С.5-7.



70. Тигранян, А.С. Развитие системы повышения квалификации работников здравоохранения / А.С. Тигранян, Т.А. Левченко // Вестник Владивостокского государственного университета экономики и сервиса. - 2013. - № 3(21). - С. 222-231.

<https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-sistemy-povysheniya-kvalifikatsii-rabotnikov-zdravooohraneniya>

71. Комплексный план развития сестринского дела в РК

72. Хвостунов К.О., Лазарева О.Д. Дистанционное обучение в дополнительном профессиональном образовании специалистов: опыт медицинского вуза // Современные проблемы науки и образования. - 2017. - № 5; <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=26859>

73. Крючкова Н. Ю. Инновационные подходы в обучении специалистов / Н. Ю. Крючкова, Т. В. Евсеева, Е. А. Филиппова // Медицинская сестра. - 2013. - № 1. - С. 41-44.

74. Воловик И.В. Парадигма непрерывного образования: подходы к сущности // Вестник ИЖГТУ Имени М.Т. Калашникова. — 2018. — Т. 21. № 1. — С. 131-135

<https://clck.ru/TjhAT>

75. Хабиева Т.Х., Шокабаев Б.А., Сейткужанова А.Г., Лебаева Г.К. Проблемы непрерывного последипломного образования средних медработников и современная технология обучения // Вестник КазНМУ. – 2016. - №1.- С. 568-570.

76. Aubakirova A. G. Improving the Professional Level of Medical Personnel // Eastern European Scientific Journal. – 2015. - № 3. P. 131-134.

77. Джандигулов А.Р., Состояние и тенденции развития дистанционного обучения в Республике Казахстан, Труды семинара, 2008, Шымкент, изд-во, ЮКГУ им. М. Ауэзова

78. <https://www.nur.kz/1720482-distancionnoe-obucenie-v-kazahstane-spisok-vuzov.html>

79. Боброва И.И. Методика использования электронных учебно-методических комплексов как способ перехода к дистанционному обучению /И.И. Боброва // Информатика и образование. — 2009. — № 11. — С. 124–125.

80. Девтерова З.Р. Современные подходы к организации и управлению дистанционным обучением / З.Р.Девтерова // Гуманизация образования. — 2010. — № 1. — С. 58–63

81. Абдуллаев С.Г. Проблемы оценки эффективности дистанционного обучения / С.Г.Абдуллаев, С.Э.Абасова // Информационные технологии моделирования и управления. — 2009. — № 4(56). — С. 484–492.

82. ProInCa. Promoting the Innovation Capacity of Higher Education in Nursing during Health Services Transition (ProInCa). Projectplan. 2017. Retrieved: <https://www.proinca-nursing.kz>

83. Bea Dijkman; Alberta Oosterhoff; Amangali Akanov; Wolter Paans. Identifying and prioritizing requirements for an eplatform to strengthen nursing in

Kazakhstan A twostep research design including a literature review and a Delphi study2020

<https://www.researchsquare.com/article/rs-11553/v1>

84. How health IT is keeping patients out of the Hospital. College of Healthcare Information Management Executives // Media planet. Future of health care. [http://www.futureofhealthcarenews.com/patient-safety/how-health-it-is-](http://www.futureofhealthcarenews.com/patient-safety/how-health-it-is-keepingpatients-out-of-the-hospital)

[keepingpatients-out-of-the-hospital](http://www.futureofhealthcarenews.com/patient-safety/how-health-it-is-keepingpatients-out-of-the-hospital)

85. Методические рекомендации, 2016

86. Даулетбаков Б., Иванова Ж. Б. Модернизация образовательных программ в Республике Казахстан // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 9. – С. 57–61.

<https://e-koncept.ru/2017/870010.htm>

## ҚОСЫМША А

### Мейіргер ісі саласындағы ақпараттық электрондық ресурстардың сипаттамалары

Ерекшелігі	Center of nursing excellence	Global research nurses	CINAHL	MEDLINE	Cochrane library	PubMed	JBI	EMBASE
Сілтемелер	<a href="https://nursekz.com/">https://nursekz.com/</a>	<a href="https://globalresearchnurses.tghn.org/">https://globalresearchnurses.tghn.org/</a>	<a href="https://health.ebsco.com/products/the-cinahl-database">https://health.ebsco.com/products/the-cinahl-database</a>	<a href="https://www.nlm.nih.gov/bsd/medline.html">https://www.nlm.nih.gov/bsd/medline.html</a>	<a href="https://www.cochranelibrary.com/">https://www.cochranelibrary.com/</a>	<a href="https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/">https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/</a>	<a href="https://jbi.global/about-jbi">https://jbi.global/about-jbi</a>	<a href="https://www.elsevier.com/solutions/embase-biomedical-research">https://www.elsevier.com/solutions/embase-biomedical-research</a>
Ресми ашылу уақыты	2017	2009	1984	1966	1996	06/1997	1996	1947ашылды , 1974 электронды түрде жарық көрді
Кіру	Ашық, тегін	Ашық, тегін	Жабық, ақылы	PubMed интерфейсі арқылы тегін	Ашық, тегін	Ашық, тегін	Жабық, ақылы	Жабық, ақылы
Мазмұны	Мейіргер ісі саласындағы көшбасшылық, клиникалық мейіргерлік басшылық, дәлелді мейіргер тәжірибесі, Мейіргер ісі саласындағы зерттеулер, оқыту курстары	Мейіргерлерге арналған электронды оқыту курстары, мейіргерлік зерттеуге арналған ресурстар, вебинарлар, мейіргерлік мақалалар, мейіргерлер қауымдастығы	Негізгі клиникалық журналдар, мейіргерлерге арналған журналдар, биомедицина, биоэтика, өмір туралы ғылымдар	Негізгі клиникалық журналдар, стоматологиялық журналдар, мейіргерлер журналдары, биомедицина, медицина, медицина тарихы, биоэтика, ғарыш, өмір туралы ғылымдар	Емдеудің әртүрлі аспектілерін бағалауға арналған RCI жүйелі шолулары.	Негізгі клиникалық журналдар, стоматологиялық журналдар, мейіргерлер журналдары, биомедицина, медицина, медицина тарихы, биоэтика, ғарыш, өмір туралы ғылымдар	Электрондық оқыту курстары, кеңес беру, сыни бағалау құралдары, дәлелдемелер синтезі бойынша jbi нұсқаулығы, дәлелдемелерді енгізу бойынша jbi нұсқаулығы	Негізгі клиникалық журналдар, стоматологиялық журналдар, мейіргерлер журналдары, биомедицина, медицина, медицина тарихы, биоэтика, ғарыш, өмір туралы ғылымдар
Тілдер	Ағылшын тілі, Орыс тілі, Қазақ тілі(өңделуде)	Ағылшын тілі	Ағылшын тілі	Ағылшын тілі	Ағылшын тілі (сонымен қатар 15 басқа тілдер)	Ағылшын тілі (сонымен қатар 56 басқа тілдер)	Ағылшын тілі	Ағылшын тілі
Фокус (өріс)	Медицина, Мейіргер ісі	Медицина, Мейіргер ісі	Мейіргер ісі, парамедициналық ғылым, білім, мінез-құлық ғылымы, Денсаулық сақтау	Биомедициналық ғылымдар	Медицина	Медицина, биомедициналық ғылымдар	Денсаулық сақтау және медициналық ғылымдар	Биомедициналық ғылымдар

Қамтылатын кезең	2017-қазіргі кезге дейін	2009- қазіргі кезге дейін	1961- қазіргі кезге дейін	1879- қазіргі кезге дейін	1996- қазіргі кезге дейін	1997- қазіргі кезге дейін	1968- қазіргі кезге дейін	1947- қазіргі кезге дейін
Қолданады	Тақырып бойынша мақалаларға сілтемелер, мейіргерлік мәліметтер базасы мен академиялық журналдарға сілтемелер және т. б.	Тақырып бойынша мақалаларға, толық мәтінді мақалаларға және басқа кітапхана ресурстарына сілтемелер және т. б.	Журнал мақаласы, кітап тараулары, диссертациялар, аудиовизуалды материалдар, конференция материалдары және т. б.	Тақырып бойынша мақалаларға сілтемелер, толық мәтінді (5426 журнал) сілтемелер, журналдар жиынтығы үшін толық мәтінді тегін мақалаларға сілтемелер (827 ашық қол жетімді журнал)	Қоқран шолулары( және хаттамалар), Қоқран клиникалық жауаптары	Тақырып бойынша мақалаларға сілтемелер, толық мәтінді (5426 журнал) сілтемелер, журналдар жиынтығы үшін толық мәтінді тегін мақалаларға сілтемелер (827 ашық қол жетімді журнал)	Журналдық мақалалар	Тақырып бойынша мақалаларға, толық мәтінді мақалаларға және басқа кітапхана ресурстарына сілтемелер және т. б.
Жаңартылу	Күн сайын	Күн сайын	Апта сайын	Жыл сайын	Тоқсан сайын	Күн сайын	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын
Әзірлеуші / несі (ел)	ProInCa ұжымы, Қазақстан	Нигерия	АҚШ	АҚШ	АҚШ	Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығы (NCBI), NLM (АҚШ)	Аделаида Университеті, Оңтүстік Австралия	Нидерланд

## ҚОСЫМША Б

### Сауалнама

Құрметті сауалнама қатысушысы, ұсынылған анкета сіздің мейіргер ісі саласындағы ғылыми зерттеулерге деген көзқарасыңызды білуге көмектеседі. Сауалнама 2 бөлімнен тұрады: паспорттық және арнайы. Паспорттық бөлімінде Біз сізден сауалнама жүргізу кезінде өз мәртебеңізді көрсетуіңізді сұраймыз. Арнайы бөлімде Мейіргер ісі саласындағы зерттеулерге қатысты сұрақтарға жауап беру қажет. Паспорттық бөлімі 6 сұрақтан тұрады, арнайы бөлім 15 сұрақтан тұрады. Сауалнама толығымен құпия, анонимді болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, мәліметтер жария етілмейді. Жауап бергенде, сізден тиісті ұяшыққа белгі/басу ( немесе + немесе x) қоюыңызды сұраймыз. Паспорттық бөлімде қажет болған жерде нақты сандарды қоюыңызды сұраймыз. Егер сіз өз жауабыңызға сенімді болсаңыз – «жоқ» немесе «иә» деген нақты сөз қойыңыз. Егер күмәндансаңыз, жауабыңызға сенімді болмасаңыз - «білмеймін» қойыңыз.

#### А. Паспорттық бөлім:

1. Жынысыңызды көрсетіңіз:

Әйел	Ер	Трансгендерлік

2. Сіздің мейіргер ретіндегі жұмыс өтіліңіз (сан қойыңыз): \_\_\_\_ жыл;  
 3. Сіздің жалпы жұмыс өтіліңіз (сан қойыңыз): \_\_\_\_ жыл;  
 4. Сіздің жасыңыз (сан қойыңыз): \_\_\_\_;  
 5. Сіздің біліміңіз:

Медициналық училище	Медициналық колледж	Медициналық университет	Жоғары медициналық колледж

6. Сіздің жұмыс орныңыз:

Ауру хана/ Госпиталь	Диспансер/Перинаталдық орталық	Ем хана	Шұғыл медициналық көмек қызметі (жедел жәрдем, санавиация және т. б.)	ЕПМ (санаторий, қарттар үйі, оңалту орталықтары және т. б.)	ФАП	Мед. пункт	Медициналық орталық	Жеке медициналық орталық	Жеке дәрігерлік кабинет	Ғылыми орталық	Ғылыми-зерттеу институты

## Б. Арнайы бөлім

Сұрақ	Жоқ	Білмеймін	Иә
Мейіргерлерге арналған арнайы сайттар бар екенін білесіз бе?			
Сіз жұмысыңыз үшін мейіргерлік сайттардағы ақпаратты пайдаланасыз ба?			
Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты іздеу үшін Интернетті пайдаланасыз ба?			
Сіз басқа мейіргерлермен байланыс жасау үшін Instagram, Telegram, Facebook және басқа әлеуметтік желілерді қолданыңыз ба?			
Сіз Қазақстанның басқа аймақтарындағы және басқа елдердегі мейіргерлермен, дәрігерлермен сөйлесіп, хат алмасасыз ба?			
Сіз өз жұмысыңыз туралы ақпаратты (бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер, ұсыныстар, нұсқаулықтар, хаттамалар, алгоритмдер) Интернет арқылы алғыңыз келеді ме?			
<a href="http://www.nursekz.com">www.nursekz.com</a> сайты қолданасыз ба?			
Сіз Қазақстанда Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығы бар екенін білесіз бе?			
Жұмыста даулы мәселелер туындаған жағдайда медициналық сайттарды жиі пайдаланасыз ба?			
Сіз есептерді / ғылыми жұмыстарды орындау кезінде медициналық сайттардан ақпаратты пайдаландыңыз ба?			
Сізге мейіргерлік арнайы сайттарды бағдарлау оңай ма?			
Сізге қажет ақпаратты сайттардан ұзақ уақыт іздейсіз бе?			
Сізге сайттардан тапқан ақпаратты түсіну оңай ма?			
Сіз Интернет ресурстардағы медициналық мақалалардың дәлелдік деңгейін бағалай аласыз ба?			
Тәжірибеңізде интернет ресурстардағы дәлелді медицина базасын жиі қолданасыз ба?			



# ҚОСЫМША В



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

### КУӘЛІК

2021 жылғы «21» мамыр № 17791

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):  
**МӘРДЕНОВА ЛӘЙЛӘ ЕРКІНҚЫЗЫ**

Авторлық құқық объектісі: **ҒЫЛЫМИ ТУЫНДЫ**

Объектінің атауы: **«ТӘЖІРІБЕДЕГІ МЕЙІРГЕРЛЕР КҮЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ОНЛАЙН  
РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ»**

Объектіні жасаған күні: **15.04.2021**



Құжат тұщусыналығын <http://www.kazpatent.kz/ru> сайтының  
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады <https://copyright.kazpatent.kz>

Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://kazpatent.kz)  
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды

Абулкаиров Н.А.



# ҚОСЫМША Г

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН



**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ**

**КУӘЛІК**  
2021 жылғы «24» мамыр № 17905

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):  
**МӘРДЕНОВА ДӘЙЛӘ ЕРКІНҚЫЗЫ**

Авторлық құқық объектісі: **әдеби туынды**

Объектінің атауы: **«Тәжірибедегі мейіргерлер құзіреттілігін арттыру үшін онлайн ресурстарды пайдалану тиімділігін зерттеу» зерттеуіне қатысушыларға арналған сауалнама**

Объектіні жасаған күні: **21.05.2021**



Құжат түпнұсқалығын <http://www.kazpatent.kz/ru> сайтының  
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады <https://copyright.kazpatent.kz>

Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)  
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды

Оспанов Е.К.